

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы



**Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет  
ЕРЕЖЕСІ**

Нұр-Сұлтан  
2021

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен басылымға ұсынылды (хаттама 04 қараша 2021 ж. № 18)

Орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызмет Ережесі.  
*Әдістемелік басшылық* – Нұр-Сұлтан:  
Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 73 б.

Орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызметтің қағидалары *әдістемелік басшылығында* халықаралық және отандық тәжірибе негізінде орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс қағидалары, құжаттама нысандары әзірленді, нормативтік құжаттар ұсынылды.

Осы басылым орта білім беру ұйымдардағы педагог-психологтар, сонымен бірге балалар құқығын қорғау саласындағы мамандарға, білім беру саласындағы қызығушылық танытқан басқа да мамандарға арналған.

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық  
білім академиясы, 2021

## **Орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызмет ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы қағида**

1. Осы Ережелер орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызметтің (бұдан әрі – Психологиялық қызмет) жұмысын реттейді.

2. Психологиялық қызметтің жұмысы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, «Бала құқықтары туралы конвенцияға», сондай-ақ осы Ережелер аясында жүзеге асырылады.

3. Психологиялық қызмет орта білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

4. Психологиялық қызметтің құрылымы білім беру ұйымының типіне, түріне және қажеттілігіне, педагог-психологтарының штат бірлігінің санына қарай айқындалады.

5. Психологиялық қызметтің құрамына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагог, білім беру ұйымының медицина қызметкері кіреді.

6. Психологиялық қызмет мамандарының қызметі біліктілік талаптарына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Психологиялық қызмет құжаттарының тізбесіне мыналар кіреді:

7-1. Нормативтік құжаттар («Білім туралы» Заң», «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы конвенция», «Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы», Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі Қазақстан, «Педагог мәртебесі туралы» заң, т.б.).

7-2. Психологиялық қызметтің қызметін реттейтін құжаттар:

1) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет туралы қағидалар;  
2) психологиялық қызмет мамандарының лауазымдық нұсқаулықтары;  
3) орта білім беру ұйымының басшысы бекіткен ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары.

7-3. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесі бекіткен, әртүрлі жас санатындағы білім алушылардың кең ауқымды психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелердің бірыңғай банкі.

7-4. Білім беру ұйымының басшысы бекітетін психологиялық тренингтердің, дамытушылық-түзету жұмысының, қиын өмірлік жағдайға тап болған білім алушыларды кешенді әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық оңалту бағдарламалары, әдістемелік әзірлемелері.

7-5. Ереже (білім беру ұйымының өзі әзірлейді):

1) ата-аналардың балаларына психологиялық қолдау жасауға қабылдаудан бас тартқан жағдайларда білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау және психологиялық қызметтің жұмысы

туралы ата-ана келісімдерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы;

2) орта білім беру ұйымында диагностикалық іс-шаралар мен мониторинг жүргізу туралы;

3) орта білім беру ұйымында білім алушылармен консультативтік жұмыс жүргізу туралы;

4) өмірлік қиын жағдайдағы баланы әлеуметтік қолайсыз жағдайларға тексеру туралы;

5) өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушылар сынып жетекшілерінің қолдауымен педагогикалық қадағалау жүргізу туралы;

б) педагогтерден ерекше назар аударуды қажет ететін жекелеген білім алушылар үшін медицина қызметкерінен ұсынымдар алу туралы (медициналық тексеру нәтижелері бойынша);

7) сыныптан тыс жұмыс кезеңіндегі білім алушылардың жағдайы туралы ақпарат беру туралы.

7-6. Психологиялық қызмет мамандарының семинарларда, конференцияларда, жиналыстарда, педагогикалық кеңестерде, ата-аналар жиналыстарында сөйлеген сөздерінің материалдары.

7-7. Білім алушылардың психологиялық дамуының жеке карталары, (ата-аналардың сұрауы бойынша).

7-8. Өмірлік қиын жағдайдағы білім алушыларды кешенді әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық оңалту бағдарламалары.

7-9. Психологиялық қызмет мәжілістерінің нәтижелері бойынша сарапшылардың қорытындылары.

7-10. Орта білім беру ұйымдары білім алушыларының деректер базасы, оның ішінде:

1) Білім алушылардың даму динамикасына психологиялық тексеру нәтижелері, қорытындылар мен ұсыныстар;

2) Білім алушылармен жүргізілген әлеуметтік педагог сауалнамасының нәтижелері, қорытындылары мен ұсыныстары;

3) Педагогтерден ерекше назар аударуды қажет ететін жекелеген білім алушыларға медициналық қызметкердің ұсынымдары (медициналық тексеру нәтижелері бойынша);

4) Білім алушыларға арналған мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің мінездемесі;

5) Білім алушылардың психологиялық даму карталары;

6) Есепте тұрған және «тәуекел» тобындағы балалармен жұмыс істеуге арналған материалдар.

7-11. Білім беру процесіне қатысушылармен, оның ішінде өмірлік қиын жағдайдағы балалармен жұмыс істеуге арналған жеке бағдарламалар.

7-12. Психологиялық қызмет мәжілістерінің хаттамалары.

7-13. Орта білім беру ұйымының психологиялық қызметінің (қаланың, ауданның ювеналды полициясымен, денсаулық сақтау органдарымен,

психикалық денсаулық орталықтарымен) ведомствоаралық өзара іс-қимылының материалдары.

7-14. Психологиялық қызметтің жұмыс түрлерін тіркеу және есепке алу журналдары:

- 1) психодиагностикалық шаралар;
- 2) түзету-дамыту сабақтары;
- 3) жеке және топтық консультациялар;
- 4) оқу, сараптамалық, әдістемелік жұмыс;
- 5) психологиялық қызмет көрсетуге өтініштер;
- 6) жарты жылдық, бір жылдық аналитикалық есептер.

8. Психологиялық қызметтің ағымдағы құжаттамасын психологиялық қызмет мамандары жасайды және тек қана Психологиялық қызметте тұрақты жұмыс істейтін мамандарының қол жеткізу құқығымен және құпиялылық принципін сақтай отырып рұқсат етілмеген субъектілердің енуінен қорғалған, арнайы бөлінген кабинетте электрондық және қағаз форматта сақталады.

9. Психологиялық қызметтің бір жылдағы жұмысының нәтижесі жергілікті деңгейдегі педагогикалық кеңестің шешімімен бағаланатын орта білім беру ұйымының есептік құжаттамасына енгізіледі.

## **2. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері**

10. Психологиялық қызметтің *мақсаты* білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету болып табылады.

11. Психологиялық қызметтің *міндеттері*:

1) ата-аналарының қалауымен және рұқсатымен ғана білім алушыларды психологиялық бақылауды және сүйемелдеуді жүзеге асыру;

2) білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дамуының әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізу;

3) негізгі проблемаларды талдау және олардың туындау себептерін, оларды шешу жолдары мен құралдарын анықтау;

4) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына, табысты әлеуметтенуіне, өзін-өзі дамыту және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыруға жәрдемдесу;

5) білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік қиындықтары мен проблемаларының алдын алу;

6) әлеуметтік-психологиялық климатты үйлестіру, қауіпсіз білім беру ортасын құру бойынша педагогикалық ұжымның қызметіне жәрдемдесу, білім алушылардың психологиялық мәселелерін шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру;

7) білім берудегі ұйымдар басқарма органдары немесе жекелеген білім беру ұйымдарының бастамасы бойынша жүзеге асырылатын білім беру ұйымдары мамандарының кәсіптік қызметіне, білім беру бағдарламалары мен жобаларына, оқу-әдістемелік кешендерге кешенді психологиялық-педагогикалық сараптамаға қатысу;

8) білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, білім беру ұйымдарының тәжірибесіне отандық және шетелдік психология саласындағы жетістіктерді таратуға және енгізуге ықпал ету.

12. Психологиялық қызметтің жұмысын аудандық (қалалық) басқармалар мен облыстық білім басқармасы үйлестіретін білім беру ұйымының басшысы ұйымдастырады.

13. Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегідей негізделеді:

1) қарастырылатын мәселелерге кешенді көзқарас (әртүрлі мамандардың тығыз әрекеттесуі);

2) қарастырылатын мәселелерге жүйелі көзқарас негізінде (әртүрлі мамандардың өзара әрекеттесу жүйесіне құрылымдық көзқарас);

3) білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық қажеттіліктері мен тілектерін динамикалық бақылау және зерттеу;

4) білім алушылардың қызығушылықтарын құрметтеу және жеке психоэмоционалдық ерекшеліктерін ескеру.

14. Психологиялық қызметтің жоспарлы отырысының қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) білім алушының, оның ішінде оқу үлгерімінің төмендеуіне әсер ететін өмірлік қиын жағдайға тап болған немесе сондай жағдай бар білім алушылардың негізгі әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қажеттіліктерін, тәуелділік проблемалары бар білім алушының мектептегі іс-әрекеттегі белсенділігін талқылау, аутодеструктивті тәуекелдер, зорлық-зомбылық проблемалары, жинақталған күйзеліс және дағдыға айналған дәрменсіздік жағдайлары;

2) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын әзірлеу;

3) білім алушыларды психологиялық қолдаудың табыстылығы мен тиімділігін динамикалық бағалау, сондай-ақ қажет болған жағдайда білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдаудың бұрын жоспарланған бағдарламасын өзгерту.

15. Білім беру ұйымы Психологиялық қызметі мамандарының негізгі функционалдық міндеттері:

1) педагог-психолог білім алушының оқуы мен танымына қолайлы жағдай жасауға, жайлы психологиялық жағдайын қалыптастыруға ықпал етеді, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың жеке басының психологиялық ерекшеліктерін зерттейді, оған кедергі келтіретін факторларды анықтайды, жан-жақты дамыту, әртүрлі психологиялық көмек көрсету (кеңес беру, психокоррекциялық, оңалту);

2) әлеуметтік педагог білім алушының әлеуметтік микроортадағы, өмір сүру жағдайларындағы тұлғалық қасиеттерін зерттейді, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, проблемаларын, конфликттік жағдайларды, білім алушылардың мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды және оларға дер кезінде әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді, өмірлік қиын жағдайдағы балалардың ата-аналарымен сапалы қарым-қатынасты нығайту бойынша консультациялық көмек;

3) директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау және кәсіптік бағдарлау, сондай-ақ балаларды қолдау мәселелері бойынша Психологиялық қызмет мамандарының сынып жетекшілерімен, мұғалімдерімен және өмірлік қиын жағдайларда білім алушылардың ата-аналарымен кешенді өзара іс-қимылын ұйымдастыруға ықпал етеді және үйлестіреді.

4) сынып жетекшісі білім алушылар және сыныптың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындайды, психологиялық қызметтің ұсынымы бойынша қолайлы білім беру ортасын, білім алушыларды психологиялық қолдауды, білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын, Психологиялық қызметтің мұғалімдермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

5) медициналық қызметкер профилактикалық тексерулердің нәтижелері бойынша денсаулығына байланысты ауысу және бітіру емтихандарынан босатуды қажет ететін білім алушыларды анықтайды (тиісті комиссияларға материалдарды жібереді), қоғамға жат мінез-құлық пен зорлық-зомбылық фактілерін анықтау мақсатында жарақаттардың барлық жағдайларын есепке алу және талдау бойынша жұмыс жүргізеді.

16. Психологиялық қызмет мамандарының өзара әрекеттесу алгоритмі:

16-1. білім беру процесіне қатысушылардың жеке әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін бақылау:

1) педагог-психолог: орта білім беру ұйымы білім алушыларының психоэмоционалдық жағдайына психодиагностика жүргізеді (тек ата-анасының, қорғаншысының, қамқоршысының рұқсатымен);

2) әлеуметтік педагог: білім алушыларының табысты оқуына ықпал ете отырып, әлеуметтік жағдайлардың олардың критерийлеріне сәйкестігін бақылайды;

3) сынып жетекшісі: сыныптағы білім алушылардың психологиялық қызмет мамандарымен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді, олардың оқу нәтижелерін, қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін, бейіндік бейімділіктерін, отбасындағы, құрдастарымен қарым-қатынасын, мінез-құлық ауытқуларын, жанжалдарды зерттейді;

4) медицина қызметкері: білім алушыларды профилактикалық тексеру жүргізеді, олардың ауру тарихын зерттейді, ауыстыру және бітіру емтихандарынан босату үшін денсаулығына байланысты мұқтаждарды анықтайды, анықтау мақсатында қоғамға жат мінез-құлық пен зорлық-

зомбылық фактілері бойынша жарақат алудың барлық жағдайларын есепке алу және талдау бойынша жұмыс жүргізеді.

16-2. Білім алушылардың автоматтандырылған деректер қорын (база) қалыптастыру:

- 1) зерттеу нәтижелері электронды деректер базасына жүйеленеді;
- 2) мәліметтер қоры жүйелі түрде білім алушылардың даму динамикасын одан әрі зерттеу нәтижелерімен толықтырылады.

16-3. Диагностикалық зерттеулерді талдау және шараларды әзірлеу.

16-3-1. Психологиялық қызметтің әрбір маманы білім алушылар туралы жинақталған мәліметтерді жұмыс ерекшеліктеріне қарай талдайды:

- 1) білім алушының психологиялық жағдайы (педагог-психолог);
- 2) оқу үлгерімі және тәрбие мәселелері (сынып жетекшісі, пән мұғалімдері);
- 3) қоғамдағы мінез-құлық және әлеуметтену (сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог);
- 4) денсаулық (медициналық қызметкер);
- 5) отбасындағы өмір сүру жағдайлары және ата-аналармен (сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог) жағымды қарым-қатынас сапасы.

16-3-2. Талдау нәтижелері аптасына бір рет өткізілетін психологиялық қызмет отырысына ұсынылады. Алқалы жиында:

- 1) өмірлік қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандардың тәуекел тобы болса, оларға қатысты оларды әлеуметтік-психологиялық қолдауға ерекше назар аудару қажет;
- 2) барлық білім алушылар мен тәуекел тобындағы білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау бойынша Психологиялық қызметтің барлық мамандары тарапынан іс-шаралар жоспары әзірленеді;
- 3) сынып жетекшілерге, мұғалімдерге, ата-аналарға, білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету және қолайлы білім беру ортасын құру бойынша ұсыныстар әзірленеді;
- 4) қажет болған жағдайда жоспар білім алушылардың даму динамикасына қарай түзетіледі;
- 5) өмірлік қиын жағдайдағы білім алушының ата-анасымен жан-жақты өзара іс-әрекет жасауды қамтамасыз ететін жеке бағдарлама әзірленеді.

16-4. Іс-шараларды жүзеге асыру:

- 1) іс-шаралар орта білім беру ұйымының әкімшілігі әзірлеген және бекітетін жоспарға сәйкес жүзеге асырылады;
- 2) жүргізілген жұмыстың нәтижелері Психологиялық қызметтің отырыстарында баяндалады (апта сайын);
- 3) Психологиялық қызмет мәжілістерінде білім беру ұйымы ортасының қауіпсіздігі және оны қамтамасыз етудегі әрбір маманның жауапкершілігі мәселелері де талқыланады.



17. Психологиялық қызмет отырыстарының қорытындысы оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының (пән мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, ата-аналар) назарына жеткізіледі және ұсыным жасалады.

18. Психологиялық қызметтің жоспардан тыс жиналыстары білім беру процесіне қатысушылардың кез келгенінің, оның ішінде орта білім беру ұйымы әкімшілігінің өтініші бойынша немесе ата-аналардың (оларды алмастыратын тұлғалардың) өтініші бойынша өткізіледі. Психологиялық қызметтің жоспардан тыс отырысының себебі білім алушының оқуы мен дамуына әсер ететін жаңа жағдайлардың анықталуы немесе пайда болуы, оның психологиялық немесе әлеуметтік жағдайының асқынуы немесе нашарлауы болуы мүмкін. Мамандар мен ата-аналар сұраныстарының сипаты әртүрлі болуы мүмкін, бірақ кез келген жағдайда олар білім алушының (дамытудағы, оқудағы және әлеуметтенудегі) немесе мұғалімнің, ата-ананың баламен қарым-қатынасындағы проблемаларын көрсетуі керек.

Психологиялық қызметтің жоспардан тыс отырысының бағыты:

1) баланы оқыту мен тәрбиелеудегі анықталған проблемаларды жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

2) жұмыста және өзгерген жағдайда білім алушыны қолдауда жеке психологиялық-педагогикалық бағдарлама жоспарын жасау.

19. Психологиялық қызмет өз қызметін психодиагностикалық, консультативтік, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамыту және әлеуметтік диспетчерлік бағытта жүзеге асырады.

19-1. Психодиагностикалық бағыт мыналарды қамтиды:

1) білім алушыларды бейімдеу, дамыту және әлеуметтендіру мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;

2) психологиялық диагностика нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды дайындау.

19-2. Консультациялық салаға мыналар кіреді:

1) білім алушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге олардың өтініші бойынша жеке кеңес жүргізу;

2) білім алушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге жеке, кәсіби өзін-өзі анықтау және басқалармен қарым-қатынас мәселелері бойынша топтық кеңес жүргізу;

3) күйзеліс, жанжал, күшті эмоционалдық тәжірибе жағдайында білім алушыларға психологиялық көмек көрсету;

4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде медиация жұмысын ұйымдастыру (татуласу қызметін ұйымдастыру).

19-3. Тәрбиелік-алдын алу бағыты мыналарды қамтиды:

1) білім алушылар мен педагогтердің кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына ықпал ету;

2) білім алушылардың асоциалды мінез-құлқының психологиялық алдын алу;

3) педагог қызметкерлерді аттестациялауды әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету;

4) әдістемелік бірлестіктердің, педагогикалық кеңестің және медициналық-психологиялық және педагогикалық кеңестердің жұмысына жәрдемдесу.

19-4. Түзету-дамыту бағыты мыналарды қамтиды:

- 1) тұлғалық өсу бойынша тренингтер өткізу;
- 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды-ерікті, шығармашылық дамуын үйлестіру үшін психокоррекциялық және дамытушылық сабақтарды ұйымдастыру;
- 3) қайшылықты тұлғааралық қатынастарды түзету.

19-5. Әлеуметтік диспетчерлік бағыт мыналарды қамтиды:

1) Психологиялық қызмет мамандарының функционалдық міндеттерінен, кәсіби құзыретінен тыс және кең ауқымды мамандардың қатысуын талап ететін мәселелерді шешу үшін одақтас мамандармен (дәрігерлермен, дефектологтармен, логопедтермен, тифлопедагогтермен және басқалармен) өзара іс-әрекет жасау;

2) төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету үшін одақтас мамандармен және мүдделі органдармен өзара іс-әрекетті бақылау;

3) әлеуметтік-медициналық және психологиялық қызметтің базасын қалыптастыру;

20. Психологиялық қызметтің құрамы бекітілген құрылым, ұжым мүшелерін кеңейте алады, икемді және тұрақты және уақытша мүшелерді қамтуы мүмкін. Тұрақты қатысушылар психологиялық қызметтің әрбір отырысына қатысады, дайындыққа, ұсыныстардың орындалуын кейінгі бақылауға қатысады. Уақытша мүшелер қажетіне қарай қатысады (сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері).

21. Психологиялық қызмет педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектордың, медициналық қызметкердің жеке кабинеттерде орналасқан және іс-шараларды өткізу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген кабинеттері негізінде жұмыс істейді. Білім алушылармен және педагогикалық ұжыммен жеке немесе топтық форматтағы диагностикалық, дамытушылық, түзету-профилактикалық жұмыс түрлерінің кешенін әзірлейді.

22. Психологиялық қызметтің жұмысы педагогикалық және медициналық қызметкерлермен, оның ішінде денсаулық сақтау жүйесімен, қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен, ювеналдық полициямен, ата-аналар қоғамдастығымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

23. Білім беру ұйымының Психологиялық қызметінің ведомствоаралық өзара іс-әрекеті

23-1. Психологиялық қызмет орта білім беру ұйымынан тыс қызметтерден қажетті көмек алу қажеттілігі болған жағдайда қалалық, аудандық ювеналдық полиция органдарына, денсаулық сақтау органдарына, психикалық денсаулық орталықтарына жүгіну туралы шешім қабылдайды және тиісті өтінішпен мекеме әкімшілігіне жүгінеді.

23-2. Орта білім беру ұйымы әкімшілігінің қаланың немесе ювеналды полициясы аудандық бөлімінің және денсаулық сақтау органдарының өкілдеріне өтініші – білім алушының ата-аналары және/немесе өкілдері міндетті түрде хабардар еткен жағдайда жүргізіледі:

1) білім беру ұйымдарының педагогтерімен өзара әрекеттесуден, психологиялық мониторинг пен диагностика жүргізуде ата-ана мен педагогтің өзара жауапкершілігін қамтамасыз етуде ата-аналар 3 есе бас тартқан жағдайда;

2) білім беретін ұйымдардағы білім алушысының қиын психологиялық немесе физикалық жай-күйі анықталған жағдайда, білім алушыға немесе жасөспірімге медициналық көмек көрсету және денсаулық сақтау органдарының қызметкерлеріне алғашқы медициналық немесе психиатриялық көмек көрсету қажеттілігі туралы хабарлау үшін жедел жәрдем шақыру қажеттілігінде;

3) зорлық-зомбылық, мінез-құлықтың аутодеструктивті нысандары, ерте жүктілік, білім алушылардың арасындағы жанжалдар және олардың отбасы мүшелері тарапынан құқық бұзушылық жағдайларында.

23-3. Психологиялық қызметтің ювеналдық полиция өкілдерімен өзара іс-қимылын қадағалау әлеуметтік педагогқа, денсаулық сақтау органдарының өкілдерімен – білім беру ұйымының медицина қызметкеріне, психикалық денсаулық орталығымен-педагогикалық психологтерге жүктеледі.

23-4. Жедел жәрдем дәрігерінің, психикалық денсаулық орталығының қорытындысы немесе ювеналдық полиция өкілдерінің тексеруі негізінде білім алушының ата-анасына және/немесе өкілдеріне білім беру ұйымының Психологиялық қызметі баланың жағдайының өзгеруі себебін анықтау мақсатында мониторинг жүргізеді.

23-5. Білім беру ұйымының Психологиялық қызметі мониторинг нәтижелері бойынша тиісті түзету шараларын әзірлейді және жүзеге асырады.

23-6. Қаланың немесе ауданның ювеналды полициясы аудандық бөлімінің және денсаулық сақтау органдарының, психикалық денсаулық орталығының өкілдері білім алушылармен және олардың ата-аналарымен қажетті іс-шараларды: талдау, емдеу, түзету және алдын алу шараларын жүргізеді.

23-7. Түзету шараларының тиімділігі Психологиялық қызмет мәжілістерінде талқыланады, одан әрі жоспарлар әзірленеді.

24. Психологиялық қызмет педагогикалық психологтардың әдістемелік бірлестігімен, психологиялық орталықтармен, практикалық психологтардың кафедраларымен және бірлестіктерімен және білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерімен өзара іс-әрекет жасайды.

25. Психологиялық қызмет өз қызметінде:

1) осы Қағидаларды басшылыққа алады;

2) Психологиялық қызметке кіретін мамандардың кәсіби құзыреті мен біліктілік талаптары (Республика Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген адамдар

лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары) шеңберінде шешім қабылдайды. ҚР 2020.04.30 N 169 (өзгертулер енгізілді - 2009.07.13 N 338);

26. Лауазымдық жалақысы, еңбек демалысының ұзақтығы, тарифтік оқу жүктемесінің көлемі «Үлгі штат кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы No 346 қаулысына сәйкес белгіленеді. мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының тізбесі» (2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 өзгертулер енгізілді).

27. Психологиялық қызметтің мамандары:

1) диагностика нәтижелерінің сенімділігі, қолданылатын диагностикалық және түзету әдістерінің сәйкестігі, ұсынымдар мен қорытындылардың негізділігі, ақпараттың құпиялылығының болуы;

2) Психологиялық қызметтің есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізу және сақтау;

3) кәсіби этиканы сақтау;

4) Психологиялық қызметтің жұмысына сеніп тапсырылған материалдық-техникалық құралдардың сақталуын қамтамасыз етеді.

28. Әкімшілік тарапы жағынан Психологиялық қызмет орта білім беру ұйымының басшысына, кәсіптік бағыты бойынша – ведомстволық сәйкес қызмет жұмысына жетекшілік ететін мамандарға (аудандық бөлімдер мен облыстық білім басқармасы, аудандық құқық қорғау және медициналық қызмет бөлімдері) бағынышты.

### **3. Қорытынды**

29. Психологиялық қызмет жұмысын орта білім беру ұйымының басшысы қамтамасыз етеді.

## Қосымша

1- қосымша

*Нормативтік құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің құжаттары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қызметіне құқық белгілейтін құжаттар ретінде.*

- Қазақстан Республикасының Конституциясы  
- Бала құқықтары туралы конвенция.  
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2021 жылғы 26 маусымдағы өзгертулер мен толықтырулармен)

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (қосымшалармен)

<https://special->

[edu.kz/normativnopravovaya%20baza/2/ob%20obrazovani%20rus.docx](https://special-edu.kz/normativnopravovaya%20baza/2/ob%20obrazovani%20rus.docx)

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы № 346 қаулысы (өзгертулер 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі No 169 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (өзгертулер 13 шілдедегі № 338) бұйрығымен бекітілген. 2009);

- «Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы No 524 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12. 2011 ж. № 528 «ОАО-дағы психологиялық қызмет қызметінің ережесін бекіту туралы». Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2014.11.11. № 458.

- «Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы No 1/53 қаулысы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 31.12. 2020 № 569 «Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрсету фактілерін анықтау және олармен жұмыс жасау жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»

- «Ерекше оқыту қажеттілігіне қарай қысқа мерзімдік, орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» Әдістемелік ұсыныстары. ҚР БҒМ Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Астана 2015 ж.

- «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық кеңестердің қызметін регламенттеу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 725.
- «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 19.12.2019 ж
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. <https://special-edu.kz/normativno-pravovaya%20baza/2/2020-2025%20ru.pdf>
- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы 10.07.2021 ж.
- Халықаралық және мемлекеттік құжаттар, заңдар, Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулылары.
- (20 қараша 1989 ж.) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы N 77 қаулысымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы Конвенция.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
- Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңы.

*Психологиялық қызметтің жұмысын реттейтін білім беру ұйымының құжаттары.*

1. Психологиялық қызмет мәжілісінде сынып жетекшісінің баяндамасы;
2. Психологиялық қызметке арналған педагогикалық презентация;
3. Балаға арналған әлеуметтік педагогтың қорытындысы;
4. Бала мен ата-ана қарым-қатынасындағы бұзушылықтар немесе қиындықтар жағдайындағы баланың мінез-құлқының және оның әлеуметтік-психологиялық жағдайының кестесі (бала туралы мәліметтерді қадағалау органдарына, ауданның немесе қаланың ювеналды полиция бөліміне, психикалық денсаулық орталығына);
5. Педагог-психологтарға арналған істер номенклатурасы;
6. Ата-ана және білім беру ұйымы арасындағы Типтік Жеке келісім шарт;
7. Баланы психологиялық тестілеу мен диагностикалау үшін ата-ананың (заңды өкілдерінің) жеке келісімі;
8. Ата-анасының (заңды өкілдерінің) білім алушыға білім беру ұйымында психологиялық қолдау көрсетуге келісімі;
9. Өтініш үлгісі;
10. Білім беру ұйымында педагог-психологпен жұмыс істеуге ата-ананың келісімі;
11. Түзету және дамыту жұмыстарын жүргізуге рұқсаты;
12. Қазақстан Республикасының ата-ана жауапкершілігі туралы баптары мен заңдарының жиынтығы;
13. «Білім туралы» Заң;
14. Неке (ерлі-зайыптылық) және Отбасы кодексі;
15. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
16. Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі;
17. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
18. Білім беру ұйымдарындағы білім алушылармен жұмыс жоспары және диагностика әдістемелері;
19. Қазақстан Республикасы психологының Этикалық Кодексі.

1. *Психологиялық қызметтің педагогикалық кеңесінің отырысында сынып жетекшісінің таныстырылымы*

Білім алушының толық аты-жөні \_\_\_\_\_

Жасы \_\_\_\_\_

Сынып \_\_\_\_\_

Соңғы екі аптада сынып жетекшісінің мінез-құлқы, қарым-қатынасы, әдеттері мен қызығушылығының ерекшеліктері:

Оқытудың соңғы екі аптасында алынған пән мұғалімдерінен ұсыныстар немесе өтініштер:

Назар аудармау мүмкін емес айқын сәттер:

Психологиялық диагностика жүргізуге келісімнің болуы

Иә \_\_\_\_\_ жоқ \_\_\_\_\_

Психологиялық қызметтің (бастауыш, орта, жоғары) ата-аналарды жеке әңгімелесуге шақыру және Қазақстан Республикасы заңнамасының баланы тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі туралы баптарының жиынтығымен таныстыру туралы актінің болуы.

Отбасындағы әлеуметтік-психологиялық жағдай

Өмірлік қиын жағдайда балаға мүмкін болатын қолдау көрсетуге ата-аналардың ашықтығы немесе дайындығының дәрежесі:

Өмірлік қиын жағдайдағы білім алушының эмоционалдық күйі.

Әдістемелер бойынша ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Сынып жетекшісінің қорытындысы

Ұсыныстар:

Күні \_\_\_\_\_

Сынып жетекшісінің толық аты-жөні \_\_\_\_\_



*2. Психологиялық қызметке арналған педагогикалық презентация*

Баланың аты-жөні \_\_\_\_\_

Жасы \_\_\_\_\_

Сынып \_\_\_\_\_

Жалпы мәлімет (бала және оның отбасы туралы ақпарат, мектепте жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын жүзеге асыру

Білім алушының отбасы туралы мәліметтер, білім беру ұйымында жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларының орындалуы

Білім алушының оқу дағдыларының қалыптасу деңгейі

Соңғы екі аптадағы сабаққа үлгеру динамикасы мен деңгейі. Оқу пәндерін меңгерудің бағдарламалар талаптарына сәйкестігі. Оқу пәндерін меңгерудегі қиындықтар, қателердің сипаты.

Эмоциялық және мінез-құлық ерекшеліктері

Бақылау нәтижелері:

Ұсыныстар:

Тексерілген күні \_\_\_\_\_

педагогтің қолы \_\_\_\_\_

### 3. Балаға арналған әлеуметтік педагогтың қорытындысы

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Жынысы \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_ сынып \_\_\_\_\_

Отбасы құрамы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, жасы) \_\_\_\_\_

Толық отбасы немесе ажырасқан ата-анасы \_\_\_\_\_

Әлеуметтік-еңбек сипаттамалары (кәсібі, ата-анасының білімі, баламен тікелей қарым-қатынас жасайтын басқа адамдар) \_\_\_\_\_

Әлеуметтік-тұрмыстық сипаттамалар (отбасындағы шаруашылық міндеттерін бөлу, бала отбасында қандай көмек көрсетеді, баланың үй айналасындағы міндеттері)

Әлеуметтік және бос уақыт (отбасы мүшелерінің бос уақытын өткізу: хобби, хобби) \_\_\_\_\_

Әлеуметтік-педагогикалық сипаттамалары (балаларды тәрбиелеу стилі, олардың баланы тәрбиелеу мен дамытуға қанша уақыт бөлетіні)

Әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері (өткен шақтағы және қазіргі құқығы, отбасында баланың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету)

Материалдық жағдайы және тұрмыстық жағдайы (астын сызу: өз үйі, жеке, жалдамалы пәтер, жатақхана, казарма, жеке тұрғын үйі жоқ)

Балаға арналған жеке бөлме, оның жеке жұмыс орнының болуы

Тамақтану (диетада қандай тағам басым, тамақтанудың жүйелілігі)

Ата-ананың жағымсыз әдеттері (астын сызу): алкоголь, есірткі, темекі және т.б.

Баланың есірткіге және улы заттарға, алкогольге, темекіге қатынасы

Баланың жыныстық сауаттылығы

Дінге қатынасы

Ата-ана тәрбиесінің ерекшеліктері және әлеуметтік ортаның ерекшеліктері  
(үйден тыс)

Баланың әлеуметтік-психологиялық портреті:

Ата-ананың бала туралы пікірі:

Баланың артықшылығы

Баланың кемшіліктері

Баланың өзі туралы пікірі:

Оң қасиеттер

Жағымсыз қасиеттер

Достары бар

Баланың өзіне деген қатынасы, оқу іс-әрекетінің нәтижесі

Басқа ақпарат

Қорытынды:

Ұсыныстар:

Тексерілген күні

Маманның аты-жөні

4. Бала мен ата-ана қарым-қатынасындағы бұзылулар немесе қиындықтар туындау жағдайында білім алушыға мінездеме және оның әлеуметтік-психологиялық жағдайының шамамен берілген схемасы (білім алушы туралы мәліметтерді қадағалау органдарына, ауданның немесе қаланың ювеналды полиция бөліміне, психикалық саулығын сақтау орталығына бағыттау үшін)

Жүгінудің мақсаты (білім алушының эмоционалды күйзелісі, депрессиялық күйі, ата-ана қолдауының болмауы, өзара ынтымақтастықтың әртүрлі қолайлы нысандарын елемеу, ата-ананың жауапкершілігі туралы хабардар етуден бас тартуы, баланың оқуындағы, қарым-қатынасындағы, мінез-құлқындағы қиындықтары) дұрысын таңдау

1. Бала туралы жалпы мәліметтер:

Толық аты-жөні \_\_\_\_\_

Туған күні, жасы. \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымының түрі мен номері \_\_\_\_\_

Аудан \_\_\_\_\_

Баланың денсаулық жағдайы және әлеуметтік салауаттылығы \_\_\_\_\_

Шағымдар \_\_\_\_\_

Ата-аналармен қол қойылған шарттың болуы \_\_\_\_\_

Ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеу жауапкершілігін білуін растау \_\_\_\_\_

Жеке әңгімелесулер жүргізу және оқу-тәрбие жұмыстарын ақпараттандыру үшін білім беру ұйымына қайталап жүгіну және шақыру туралы ӘП және ПС актілерінің болуы \_\_\_\_\_

2. Оқыту қабілетінің сипаттамасы:

Ата-аналармен қарым-қатынастағы негізгі қиындықтар \_\_\_\_\_

Отбасы тәрбиесінің түрі \_\_\_\_\_

Оқу материалын меңгеруде туындайтын қиындықтар (себептер) \_\_\_\_\_

Баланың ұсынылған көмекті қабылдауы \_\_\_\_\_

Ата-анасы бар балаға әлеуметтік психологиялық-педагогикалық қолдау мен қолдау көрсетудегі жүйелілік дәрежесі \_\_\_\_\_

3. Психологиялық ерекшеліктер

Когнитивтік сала (зейін, есте сақтау, орындау ерекшеліктері). Оқуға деген көзқарас (мотивация). Тұлғаның ерекшеліктері және құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасы. Мектеп психологының жұмысы кезіндегі іс-әрекеттің мазмұны және даму динамикасы. Баланың негізгі шағымдары

4. Баланың хоббиі мен қызығушылықтары \_\_\_\_\_

5. Білім беру ұйымы Психологиялық қызметінің қорытындысы (жалпы қорытындылар мен мамандардың ұсыныстары)

Білім беру ұйымы Психологиялық қызмет кеңесінің төрағасы:

Ұйымның мөрі

Қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

## *2. Педагог психологтарына арналған істер номенклатурасы*

Психологиялық қызмет құжаттарының тізбесі Қазақстан Республикасы Білім министрінің «Психологиялық қызмет туралы ережені» бекіту туралы 2021 жылғы №528 бұйрығына сәйкес:

1. нормативтік құжаттар («Білім туралы» Заң», Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары туралы Конвенция», «Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы», Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республиканың Еңбек кодексі және т.б.);

2. Психологиялық қызметтің жұмысын реттейтін құжаттар (жұмыс тұжырымдамасы, үлгісі, білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызмет туралы ереже);

3. білім беру ұйымының басшысы бекіткен ұзақ мерзімді жұмыс жоспары;

4. диагностикалық әдістемелер қоры;

5. психологтың білім алушылармен дамытушылық және түзету жұмыстарының бағдарламалары;

6. психологиялық зерттеулерді, тренингтерді және білім алушылармен психологиялық жұмыстың басқа да түрлерін әдістемелерін әзірлеу;

7. білім алушылардың және білім алушылар тобының психологиялық даму картасы,

8. білім алушылар мен білім алушылар тобының психологиялық тексеру нәтижелері, қорытындылар мен ұсыныстар;

9. есепте тұрған және тәуекел тобындағы балалармен жұмыс істеуге арналған материалдар;

10. психологтың семинарларда, конференцияларда, жиналыстарда, педагогикалық кеңестерде, ата-аналар жиналыстарында сөйлеген сөздерінің материалдары;

11. психологиялық-педагогикалық консультациялар өткізуге арналған материалдар;

12. Психологиялық қызметтің жұмыс түрлерін тіркеу және есепке алу журналдары:

1) психодиагностикалық шараларды есепке алу және жүргізу;

2) түзету-дамыту сабақтары;

- 3) жеке және топтық консультациялар;
- 4) психологиялық қызмет көрсетуге өтініштер;
- 5) жарты жылдық, бір жылдық аналитикалық есептер.

Істің индексі	Іс атауы (том, бөлігі)	Істің сақтау мерзімі (том, бөлігі)	Ескерту
П-01	Нормативті-құқықты құжаттар (Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдары, ережелері, бұйрықтары, стандарттары, бағдарламалары, тұжырымдамалары, ережелері, нұсқаулары мен ұсынымдары)	ДМН пп.2 п.1(пр)	(Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдары, ережелері, өкімдері, стандарттары, бағдарламалары, тұжырымдамалары, ережелері, нұсқаулары мен ұсынымдары)
П-02	Білім беру ұйымындағы педагог-психологтың лауазымдық нұсқаулықтары және жұмысының ғылыми негізделген негіздері (педагог-психологтың портфолиосы)	3 жыл (56 бап (Пр))	Білім беру ұйымындағы педагог-психологтың заңдастырылған және жұмысының ғылыми негізделген негіздері (педагог-психологтың портфолиосы)
П-03	Жүргізілетін жұмыс жоспары (жылдық, айлық)	Үнемі (ст.292) (Д, Кор, Пр.)	Жылдық, айлық
П-04	Біліктілікті арттыру бағдарламаларынан растайтын құжаттар өткенін	3-5 жыл (Пр.)	Сертификаттар, дипломдар, ынталандырулар және білім мен біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы куәліктер
П-05	Балалармен жұмыс істеу үшін алынған (пайдаланылған) әдістемелік көмек материалдары	3-5 жыл (Д, Кор, Конс, Пр.)	Білім алушылармен жұмыс істеуде қолданылатын материалдар, нұсқаулықтар, оқу құралдары, презентациялар, ғылыми-әдістемелік көмек көздері мен жинақтары
П-06	Ересектермен (педагогтермен және ата-аналармен) жұмыс жасауда көрсетілген әдістемелік көмек материалдары	3 жыл	Ересектермен (педагогтермен және ата-аналармен) жұмыс жасауда көрсетілген әдістемелік көмек материалдары
П-07	Атқарылған жұмыстар туралы есептер (өткен жыл мен ай үшін)	3 жыл	Жыл және ай бойынша есептер (жеке және топтық жұмыстарды тіркеу және

			бақылау журналдарының болуы)
П-08	Оқу үдерісіне қатысушылармен жұмыс істеуге арналған жеке бағдарламалар	3-5 жыл (Қор. Д. Пр.)	Авторлық әзірлемелер, шығармашылық жұмыстар, семинар бағдарламалары, жарияланымдар мен конференцияларға қатысу үшін ғылыми мақалалар
П-09	Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған материалдар	3-5 жыл (Д, Қор, Конс, Пр.)	Балалармен жұмыс істеуге және даму ерекшеліктері бар балаларды қолдауға арналған материалдар

3. *Ата-анамен білім беру ұйымы арасындағы Типтік Жеке келісім шарт*

Типтік келісім шарт (қосымшалармен, ПБ ЖПК және ББҰ бастықтарының «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 ж. № \_\_\_\_\_ бірлескен бұйрығы)

білім беру қызметін көрсету және білім беру ұйымында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін \_\_\_\_\_ арасында (облыс немесе қала бойынша ...)(білім беру ұйымының толық атауы) \_\_\_\_\_ және баланың ата-аналары және басқа да заңды өкілдері \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_\_ ж.  
(келісім шарт жасалған жер)

Қалалық білім бөлімінің коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
№ \_\_\_\_\_ жалпы білім беретін мектеп  
(білім беру ұйымының толық атауы)

бұдан әрі – (білім беру ұйымы (бұдан әрі – ББҰ), ББҰ директоры \_\_\_\_\_ (аты-жөні (болған жағдайда)) өкілдік ететін), бір жағынан \_\_\_\_\_ бекітілген ББҰ Жарғысының негізінде \_\_\_\_\_ (аты-жөні (бар болса)), бұдан әрі ата-анасы және білім алушының өзге де заңды өкілі

(бар болса) баланың аты-жөні, туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), тұрғылықты мекен-жайы:

екінші жағынан, мыналар бойынша осы Келісім шартқа отырды:

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік қағидаларына, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті стандартында көзделген рәсімдерге сәйкес ұйым 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ББҰ бұйрығының және осы шарттың негізінде баланы \_\_\_\_\_ тіркеуге міндеттенеді. Сондай-ақ, осы шарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілей



отырып, ББҰ және баланың ата-аналары мен басқа да заңды өкілдерінің ББҰ-да оқу кезеңінде қарым-қатынасын реттейтіні көрсетілген, сонымен бірге баланы тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік механизмі.

2. ББҰ құқықтары мен міндеттері:

2.1. Сабақты қазіргі заман талабына сай, ТОЖ (типтік оқу жоспары) сәйкес деңгейде өткізу.

2.2. Білім алушының өмірін қорғауды және физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуды, оның интеллектуалдық, физикалық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, оның даму ерекшеліктерін ескере отырып, балаға жеке көзқарасты жүзеге асыру, білім алушыға эмоционалдық әл-ауқаты туралы қамқорлық жасау.

2.3. Білім алушыны оқыту, тәрбиелеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін барынша қолайлы жағдай жасау.

2.4. Білім алушының іс-әрекетін оның жас ерекшелігіне, жеке ерекшеліктеріне, оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ұйымдастыру.

2.5. Білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді, емдеу-профилактикалық іс-шараларды, санитарлық-гигиеналық жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шегінде қамтамасыз ету.

2.6. Білім алушыларға қосымша білім беру қызметтерін көрсету (негізгі оқу қызметінен тыс): коммерциялық емес және коммерциялық негізде бос уақыттарын тиімді пайдалану бойынша үйірмелер, спорт секциялары. Коммерциялық негізде қосымша білім беру қызметтерін көрсету кезінде азаматтық заңнама шеңберінде жеке шарт жасалады.

2.7. Адамның қалыпты өсуі мен дамуы үшін қажетті ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. Егер білім алушы заң бойынша тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген бала санатына жатқызылса, ББҰ Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде осы мәртебені анықтауға жәрдемдесуге міндеттенеді.

2.8. ББҰ ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес баланың мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету.

Ішкі ережелерге сәйкес 3.8. Білім алушыларға білім беру ұйымдарына телефон алып келуге рұқсат етілген, бірақ олар сөмкелерінен шығара алмайды, ұялы телефонмен сөйлесе алмайды, фотосуретке, аудио және бейне жазбаға түсіре алмайды. Бұл білім алушылар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті жояды және адамгершілікке және мектеп оқушыларының рухани дамуы теріс әсер етеді. Сонымен қатар, бұл мектептегі ұрлықты азайту мақсатында, өйткені смартфондар қымбат ұялы телефон барлардың балалық қызығушылықтан туындайтын қылмыстық әрекеттердің негізгі нысаны.

Ереженің сақталуын сынып жетекшілері қадағалайды, ал білім алушыларды тәртіп бұзғандары үшін сөгіс және тәртіптік жаза қолданумен қорқытады. Мысалы, емтихан кезінде телефонды көшірме ретінде пайдаланған жағдайда. Сондай-ақ баланың ата-анасымен немесе қамқоршыларымен үнемі байланыста болуы қажет етеді, яғни аурып қалған немесе науқас кезде немесе

басқа да ерекше жағдайлар болуы мүмкін. Мұндай әрбір жағдай жеке қарастырылады.

2.9. Ата-аналарға және басқа да заңды өкілдерге баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның дамуындағы орын алған ауытқуларды түзетуде біліктілік көмек көрсету.

2.10. Білім алушыны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген кепілдік берілген тегін қамтамасыз ету шеңберінде оқулықтармен, оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету.

2.11. ББҰ білім алушыдан, ата-аналардан және басқа заңды өкілдерден ББҰ жарғысын, ББҰ ішкі Ережелерін және оның қызметін реттейтін ББҰ басқа да актілерін сақтауды талап етуге құқылы.

3. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері:

3.1. ББҰ Жарғысын және осы Келісімді сақтау.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланы тәрбиелеуге, оқытуға және білім алуы үшін қажетті жағдай жасауға жауапты болу. Бұл тармақты екі ата-ананың қосымша қолтаңбасымен растау.

Қолы:

3.3. Ата-аналар жиналысына қатысу, қажет болған жағдайда, әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша оқу үдерісі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу үшін ББҰ-на келу және нақты педагогикалық көмек көрсету.

3.4. ББҰ білім алушының кінәсінен болған материалдық шығынды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеу.

3.5. Білім алушының ББҰ-ға ұқыпты келуін, гигиеналық талаптарға және сабақтардың ерекшеліктеріне сәйкес келетін сырт киім мен аяқ киімнің таза болуын, таза ауыспалы аяқ киімнің болуын, сондай-ақ бірыңғай мектеп формасына қойылатын ББҰ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету.

3.6. Білім алушыны қажетті кеңсе тауарларымен және спорттық киіммен қамтамасыз ету.

3.7. Балаларының сабаққа келмеуі туралы себебін ББҰ хабарлау.

3.8. Білім алушыны тәрбиелеу мен оқытудың барлық салаларында ББҰ-мен өзара әрекеттесу.

3.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген шеңберде оқу процесін жүзеге асыруға қатысу.

3.10. Ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңестің шешімдерін, ата-аналар жиналысының шешімдерін орындау.

3.11. Ата-аналар комитеттері арқылы ББҰ басқару органдарының жұмысына қатысу.

3.12. ББҰ-дан балаларының үлгерімі, мінез-құлқы және оқу ортасы туралы ақпарат алу.

3.13. Ата-аналар балаларының оқу мен тәрбие мәселелері бойынша психологиялық-медициналық және педагогикалық консультациялық кеңестер алуы.

3.14. Келісім-шарт негізінде балаларының қосымша қызметтер алуы.

3.15 Білім алушыны психологиялық: мотивациялық, эмоционалды-ерікті және тұлғалық жағдайындағы өзгерістер мен бұзушылықтарды дер кезінде анықтау және алдын алу мақсатында әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық диагностика жүргізу үшін осы тармақпен танысу және жазбаша бекіту. (сонымен қатар ата-аналармен келісімге қол қоюға болады, 1-қосымша).

Қолы:

3.16 Баланың өмірі мен денсаулығына педагогикалық және ата-ананың жауапкершілігі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заңдары мен қаулыларының баптарымен, ережелерімен танысу. (Б.Б г. мен ЮП жетекшісінің № бірлескен бұйрығы) және мектеп әкімшілігін (екі ата-ананың немесе білім алушының тәрбиесіне жауапты тұлғалардың жеке қолтаңбасы арқылы) хабардар болуы туралы куәландыру (2-қосымша құжатпен танысу және түсіну.)

4. Осы Шарттың тараптары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабында бекітілген ББҰ білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін сақтауға өз міндеттемелерін растайды.

5. Шарт қол қойылған кезден бастап күшіне енеді және тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін. Шартқа өзгертулер мен толықтырулар Қосымша түрінде енгізіледі. Міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар заңды түрде жауапты болады.

6. Келісімшарт баланың ББҰ-да білім алу мерзіміне жарамды.

7. Шарт білім алушының оқытатын тілінде екі данада жасалады: бір данасы білім алушының «Жеке ісінде», екіншісі ата-анасында және басқа заңды өкілінде сақталады.

ОСЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЯТЫН ТАРАПТАР:

Білім беруді ұйымдастыру

Ата-ана және басқа заңды өкіл

ББҰ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Директор: \_\_\_\_\_

Күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_

Мөр орыны

7. Баланы психологиялық тестілеу мен диагностикалау үшін ата-ананың жеке келісімі.

«Білім беру ұйымы директорының ата-аналармен келісім» бланкісі  
(Нұсқа ретінде)

Ата-аналар:

Анасы \_\_\_\_\_

Аты-жөні

Әкесі \_\_\_\_\_

Аты-жөні

Білім алушы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сынып

Аты-жөні

психологиялық-педагогикалық бақылау және жоспарланған әлеуметтік-психологиялық диагностика жүргізу үшін, оқушының психо - эмоционалды жағдайының бұзылуын немесе өзгеруін, оқу жылы ішінде қалған оқу кезеңінде түзету жұмыстарының жеке (күпия) бағдарламасын қажетті дайындауды және жүргізуді уақтылы анықтау, ата-аналармен жүргізу мақсатында.

Директор  
Мөр орыны

8. Ата-анасының (заңды өкілдерінің) білім алушыға білім беру ұйымында психологиялық қолдау көрсетуге келісімі

Директорға \_\_\_\_\_  
Ата-анадан (заңды өкілден)

МЕН, \_\_\_\_\_  
(Ата-анасының, заңды өкілінің аты-жөні)

Тұрғылықты мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Білім алушының (білім алушылардың) ата-анасы (заңды өкілі) ретінде  
(баланың аты-жөні, сыныбы) \_\_\_\_\_

Туған күні «\_\_» \_\_\_\_\_

Этикалық стандарттар кәсіби психологиялық жұмыстың міндетті ережелерін белгілейді. Этикалық нормалардың көпшілігі психологиялық қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданылады, бірақ олардың әрқайсысы нақты жағдайлармен анықталуы керек. Этикалық стандарттар кәсіби психологиялық қызметтің әлеуметтік маңыздылығын анықтайды. Келеңсіз жағдаяттар мен өзекті мәселелерді шешуде психолог өзінің кәсіби жауапкершілігіне сүйенеді.

«Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігіне мүше болудың міндетті шарты бұл – Этикалық кодекстің талаптарын орындап, қағидалары мен стандарттарына сәйкес қызмет көрсету. «Қазақ психологиялық қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері емес психологиялық қызметпен айналысатын психологтар, жеке тұлғалар Этика кодексінің нормаларын қоғамдық бағалауда (аккредитация, аттестация, сертификация) әрі психологтардың ғылыми және кәсіби қызметін бағалауда қолдануға болады. Бұл этикалық кодекс тек психологиямен байланысты іс-әрекеттерге ғана қатысы бар. Оған клиникалық, психологиялық кеңес беру, тренинг пен супервизиялық бақылау, сынақ және өлшеу әдістерін жасау, сынақтар мен өлшеулерді жүргізу, әлеуметтік араласуды жүргізу, әкімшілік қызмет көрсету және басқа да іс-шаралар кіреді.

Этикалық кодекс «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің және оны қабылдайтын басқа да ұйымдардың қызметінде кәсіби моральдік нормаларды енгізуге арналған. Этика кодексінің бұзылуы - бұл заң бұзушылық емес, өйткені Этика кодексінің нормалары заң күшіне ие емес. Алайда, этика кодексінің нормаларын бұзу белгілі бір заңды процедуралар үшін дәлел ретінде қолдануға мүмкіндік бола алады. Кәсіби іс-әрекет туралы шешім қабылдағанда, қолданыстағы заңдарға қосымша, психологтар осы этикалық кодексті басшылыққа алуына болады. Этика кодексінің нормаларына сай психолог жоғары стандартқа сәйкес болуы керек. «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігі этикалық кодексті бұзған психологқа келесі санкцияларды қолдануға құқылы: қоғамдық айыптау, «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық

бірлестігінің мүшелігінен шығару, барлық мүдделі тұлғаларға қатысты заңсыз әрекеттер туралы хабарлау. Этика кодексін әдейлеп бұзған жағдайда қауымдастық психологты сотқа тарту туралы өтініш бере алады. Этика кодексінің нормаларын бекіту және оларға сәйкес «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігі сотқа қоғамдық айыптаушы немесе қорғаушы ретінде келуі мүмкін. «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің қорғаушысы ретінде психологтың іс-әрекетін қорғауға және тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп психологиялық сараптама жүргізуге міндетті. Сондай-ақ, этика кодексін іске асыруда және даулы этикалық мәселелерді шешу барысында «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігі жедел түрде психологиялық қызмет көрсетудегі этикалық нормаларды сақтау жөніндегі қоғамдық комиссия құрады әрі сол қоғамдық комиссияның шешімімен әрекет етеді.

## **ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Психологтар нақты сенімді зерттеулерге негізделген ғылыми білімді дамытумен айналысады. Олар бұл білімді адамның мінез-құлқының әртүрлі контексттерінде пайдалана алады. Психологтар психологиялық зерттеу, білім беру және басылымдарда сөз бостандығына үлкен көңіл бөледі.

Психологтар қоғамдағы әлеуметтің қалыптасқан мінез-құлқы туралы сауатты пікір қалыптастыру үшін барлық мүмкіндікті жасайды. Этикалық кодекс психологтардың кәсіби және ғылыми жұмыстарда басшылыққа алуы керек құндылық жүйесін құруды көздейді. Осы Кодекс жалпы қағидаттарды және психологтардың алдында тұрған мәселелердің көпшілігін шешу жолдарын енгізудің міндеттерін атқарады. Бұл кодекстің басты мақсаты - психолог жұмыс істейтін индивид пен топтардың дамуы мен қорғалуы, сондай-ақ психологтың кәсіби іс-әрекеттерінің этикалық нормаларға сай болуын қамтамасыз ету. Әрбір психологтың жеке жауапкершілігі өз жұмысының барынша жоғарғы стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз ету. Психолог адам құқықтарын және қоғамды құрметтейді, қорғайды, ешқандай кемсітушілік әрекеттерге немесе өзге де жағымсыз іс-әрекеттерге бармайды. Психологиялық қызметте этикалық нормалардың сақталуы кәсіби қызметте этикалық мінез-құлықтың тұрақтылығы мен жауапкершілігін талап етеді. Этикалық іс-әрекет білім алушыларға, супервизорларға, жұмыс берушілерге этикалық қағидаларды үйретуді және этикалық мәселелерді шешу үшін әріптестердің арасында осы қағидаларды оқытуды көздейді.

## **ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:**

- этикалық стандарттарға сәйкес кәсіби мәселелерді шешу;
- психолог кәсіби қарым-қатынасқа түсетін адамдардың заңды құқықтарын қорғау: білім алушылар, мұғалімдер оқытушылар, ғылыми қызметкерлер және психолог ретінде жұмыс істейтін басқа адамдар;



- психолог пен тұтынушы арасындағы құпияны сақтау;
- білім алушылар оқушылар, ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық арасында білім берудің психологиялық қызметінің беделін нығайту.

### **Негізгі этикалық қағидалар:**

1. Құпиялылық қағидасы.
2. Құзыреттілік қағидасы.
3. Жауапкершілік қағидасы.
4. Этикалық және заңды құзыреттілік қағидасы.
5. Психологияны кәсіби біліктілік деңгейінде насихаттау қағидасы.
6. Тұтынушының әл-ауқаттық қағидасы.
7. Кәсіби ынтымақтастық қағидасы.
8. Зерттеудің мақсаттары мен нәтижелері туралы тұтынушыны хабардар етіп отыру қағидасы.

Бұл қағидаттар психологтарды халықаралық қауымдастықта қабылдайтын кәсіби стандарттарға сәйкес жасалған.

## **1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫ**

1. Жұмыс барысында психолог алған ақпараттың саналы түрде немесе кездейсоқ жария болуына жол бермейді және оны үшінші тұлғаға беру қажеттілігі туған жағдайында тұтынушының мүддесіне қарсы пайдалануды болдырмайтын негізде ұсынуы тиіс.

2. Психологиялық зерттеулерге, тренингтерге және басқа да іс-шараларға қатысатын адамдар басқа мүдделі тұлғаларға немесе мекемелерге хабарлауға болатын ақпараттың көлемі мен сипатын білуі тиіс.

3. Білім алушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің психологиялық ресми шараларға қатысуы (диагностика, кеңес беру, түзету және т.б.) саналы және ерікті болуы керек. Бала 16 жасқа толмаған жағдайда, оның психологиялық процедураларға қатысатын жағдайда келісімін ата-аналары немесе олардың орнын басатын тұлғалар береді.

4. Егер тұтынушыдан алынған ақпарат сарапшылардың қатысумен сұралған болса (оны аттестациялау кезінде психологтың құзыретіне қатысты мәселені шешу үшін) сарапшылар тарапынан тұтынушының жеке басын сәйкестендіруді болдырмайтын нысанда ұсынылуға тиіс. Ол үшін тапсырыс беруші туралы барлық ақпарат тіркеліп, қатаң құпиялылықта сақталады.

5. Кәсіптік қызмет туралы есептер, зерттеулердің нәтижелері мен жарияланымдары тұтынушының осы тұтынушымен жұмыс істейтін мамандар шеңберіне кірмейтін, айналадағы адамдарға беймәлім болуы тиіс.

6. Диагноз немесе кеңес беру кезінде үшінші тұлғаның қатысуы үшін тұтынушының немесе оған жауапты тұлғалардың (тұтынушы 16 жасқа толмаған жағдайда) алдын ала ресми келісім беруі міндетті.

7. Психологиялық сараптама жасалғанда басқару органдарының немесе оқу орнының әкімшілігі кәсіби құпиялықты сақтау жөніндегі міндеттемеге келісетіндігі туралы ескерту ресми түрде берілуі тиіс. Зерттеу нәтижелерін

әкімшілендіру және оның қорытындысы туралы ақпараттандыру кезінде, психолог тұтынушыға зиян келтіретін және білім беру жағдайына сәйкес келмейтін ақпаратты беруден бас тартуға міндетті.

## **2. ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАҒИДАСЫ**

1. Психолог өз құзыретінің аумағын нақты анықтайды және ескереді;
2. Тұтынушымен жұмыс істеу тәртібі мен әдістерін таңдау үшін психолог жауап береді.

## **3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАСЫ**

1. Психолог тұтынушының және қоғамның алдында өзінің жеке және кәсіби жауапкершілігін, кәсіби қызметін түсінеді.

2. Зерттеу жүргізгенде, психолог бірінші кезекте халықтың әл-ауқаты өз жұмысының нәтижелерімен зиян келтірмейді.

3. Психологиялық жұмыстарды бір өзі жүргізетініне немесе басшылықпен бірлесе жүргізетіндігіне қарамастан, психолог бұл этикалық кодексті толыққанды сақтауға жауапты.

4. Психолог бұқаралық ақпарат құралдарында және қоғамдық орындарда психологиялық тақырыптар бойынша сөз сөйлегенде өзінің жеке мәліметтері үшін кәсіби жауапкершілік алады.

5. Психолог өз білімі мен құзыреттілігі жөнінде расталмаған ақпаратты пайдаланып, көпшілікке жариялауға және сол ақпараттар арқылы адамдарды адастыруға апаратын әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

6. Психолог тұтынушыға психологиялық іс-шаралардың шынайы мақсаттары туралы тек қана осы мақсаттарға қол жеткізудің балама жолдары болмаған кезде хабарламауына болады.

7. Қабілеті шектеулі адамдарға психологиялық көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде (кәмелетке толмағандар, қатты стресске шалдыққандар, емделу кезінде психологқа белгілі психикалық ауытқу диагнозы анықталған науқастар және т.б.) психологиялық көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде психолог өзі таңдаған және қолданған психологиялық әдіс-тәсілдердің салдарына жауапты.

## **4. ЭТИКА ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ БАСҚАРУ ҚАҒИДАСЫ**

Психолог ағымдағы заңнама мен психологиялық қызметті жүргізудің кәсіптік талаптарына сәйкес зерттеулер жүргізуді жоспарлап отырады.

Осы Кодекстің нормалары мен білім беру ұйымының әкімшілігіне жататын міндеттердің арасындағы айырмашылық болған кезде психолог осы Кодекстің нормаларын басшылыққа ала алады. Мұндай мәселелер туындаған жағдайда психолог жұмыс істейтін мекеменің әкімшілігіне және кәсіби психологиялық қауымдастыққа (әдістемелік бірлестік) немесе практикалық психология қызметінің аймақтық ғылыми-әдістемелік кеңесіне назар аударылып, жауапқа тартылады.

Осы Кодекстің нормалары психологтың тұтынушымен және оқу үрдісінің басқа субъектілерімен кәсіби қарым-қатынасына ғана қатысты болады.

Психолог өз міндеттерін заңға сәйкес ресми сарапшы ретінде атқара алады. Сонымен бірге, осы Кодекстің нормаларын толықтай қолдана алады.

## **5. ПСИХОЛОГИЯНЫ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙДЕ НАСИХАТТАУ ҚАҒИДАСЫ**

**1.** Психологиялық білімі жоқ адамдар жұмысының кәсіби әдістерінің мәнін анықтайтын шамадан тыс ақпаратты қолданбауы керек. Мұндай ақпарат тек кәсіби мамандарға арналған хабарламаларда берілуі мүмкін.

**2.** Барлық хабарламаларда психолог практикалық психология әдістерінің мүмкіндіктерін шынайы жағдайға сәйкес көрсетуі керек. Психолог негізсіз нәтижелерге әкелуі мүмкін кез келген мәлімдемелерден аулақ болуы керек.

**3.** Психолог қазіргі таңдағы ғылымның нақты жағдайына сәйкес психологияның жетістіктерін кәсіби және нақты түрде насихаттауға міндетті.

## **6. ТҰТЫНУШЫ ИГІЛІГІНІҢ ҚАҒИДАСЫ**

**1.** Кәсіби қызметінде психолог көңіл-күйге бейімделеді және білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің құқықтарын ескереді.

Психологтың міндеттері этикалық нормаларға қайшы келетін жағдайларда, психолог «зиян тигізбеу» қағидасын басшылыққа алады.

Психолог кәсіби қызмет барысында өз тұтынушысының әлеуметтік мәртебесіне, жасына, жынысына, ұлтына, дініне, өмірлік көзқарасына және басқа да айырмашылықтарына қатысты кемсітушілікке (конституциялық құқықтар мен жеке бостандықтарына қатысты шектеулер) жол бермеуі тиіс.

Педагог-психологтың кәсіби қызметінде білім беру үрдісінің негізгі субъектісі ретінде баланың құқықтары мен мүдделері басым тұратынын білуі керек.

## **7. КӘСІБИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАҒИДАСЫ**

**1.** Психологтың жұмысы өзінің теориялық және әдіснамалық артықшылықтарына қарамастан, басқа мамандарға және олардың жұмыс істеу әдістеріне құрмет көрсету құқығына және міндетіне негізделеді.

**2.** Психолог тұтынушының және сауалнамаға тартылған адамдардың көзінше әріптестерінің жұмысының әдістері мен тәсілдері туралы қоғамдық бағалау мен түсініктемелер беруден аулақ болуы тиіс.

**3.** Егер этикалық бұзушылық бейресми түрде жойылмаса, психолог мәселені әдістемелік бірлестіктің талқылауына, ал қақтығыс туған жағдайда - облыстық ғылыми-әдістемелік кеңестің этикалық комиссиясына, практикалық психология қызметі мамандарының талқылауына салуға мүмкіндігі бар.

## **8. ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ТҰТЫНУШЫНЫ ХАБАРДАР ЕТУ ҚАҒИДАСЫ**

1. Тұтынушы өзіне қатысты зерттеу жұмысына қатысуға шешім қабылдауы үшін психолог тұтынушыға жүзеге асырылатын психологиялық жұмыстардың мақсаттары мен міндеттерін, мазмұнын, ақпарат алудың әдіс-тәсілдерін түсіндіреді. Психологиялық ресми шара 16 жасқа дейінгі балалармен өткізілген жағдайда, ата-аналар немесе олардың орнын ауыстыратын адамдар оған қатысуға өз келісімін беруі керек.

2. Кәсіби қызмет барысында психолог өзінің жеке пікірін білдіргенде және жағдайдың әртүрлі аспектілеріне байланысты тәуелсіз шешім қабылдау кезінде тұтынушының еркіндігін шектемейтін нысан бойынша бағалайды. Психологиялық көмек кезінде тұтынушы тарапынан ерікті түрде жұмыс барысы мұқият қадағалануы қажет.

3. Психологиялық көмек көрсету барысында тұтынушы тарапынан ерікті болу қағидасы қатаң сақталуы тиіс. Психолог қатысушыларға алдағы жұмысқа қатысу (немесе қатыспау) туралы шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін әрекеттер туралы хабардар етуі тиіс: физикалық тәуекел, ыңғайсыздық, жағымсыз эмоционалдық әсер және т.б.

4. Тұтынушының психологиялық жұмысқа келісімін алу үшін психолог түсіндірме жұмыстары барысында ғылыми терминологияны тұтынушы түсіне алатындай жағдайда қолдануы керек.

5. Психологиялық зерттеудің қорытындысы түбегейлі болмауы керек, ол тұтынушыға тек ұсыныс түрінде ұсынылуы мүмкін. Ұсыныс анық және қол жетімді болуы тиіс.

Зерттеу барысында психолог тұтынушының қабілеті мен мүмкіндіктерін анықтап, атап өтуге тиіс.

### **Этикалық стандарт**

#### **1. Жалпы стандарттар**

Жалпы стандарттар барлық психологтардың практикалық және ғылыми жұмысында қолданылады.

##### **1.01 Этика кодексінің қолданылуы.**

Психологтың қызметі осы этикалық нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс. Психологиялық міндеттерге қатысы жоқ және оларға әсер етпейтін жеке іс-әрекеттер осы Этикалық кодекстің шеңберіне кірмейді.

##### **1.02 Кәсіби және ғылыми қызмет.**

Психолог диагностика, психокоррекция, зерттеу, қадағалау, тренинг, кеңес беру және басқа да психологиялық қызметпен айналыса отырып, нақты анықталған кәсіби шектеулерде ғана жұмыс істейді.

##### **1.03 Құзыреттілік шекарасы.**

А. Психологтар өздерінің кәсіби қызметіне алған білімімен, кәсіби дамудың әртүрлі формалары мен сәйкесінше кәсіби тәжірибесімен анықталған өз құзыретінің шегінде ғана кірісе алады.

Ә. Психологтар өздерінің кәсіби қызметіне жаңа бағыттарды немесе жаңа психологиялық әдістерді қолдануды тек осы саладағы білікті мамандармен бірлесе отырып тиісті зерттеулер, тренингтер, бақылау немесе кеңес беру жұмыстарынан кейін ғана жүзеге асыра алады.

Б. Практикада қолайлы стандарттар әзірленбеген жұмыс орындарында психологтар өздерінің құзыреттілігін арттыруға және тұтынушыларды, білім алушыларды, зерттеушілерді және басқа да адамдарды зиянды әрекеттерден қорғау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

#### **1.04. Біліктілік деңгейін көтеру.**

Психолог тренингтер, терапия, ғылыми-зерттеу, ұйымдастырушылық кеңес беру немесе басқа кәсіби іс-шаралармен айналысады, психологиялық білімдердің жоғары деңгейін қолдайды және өздерінің дағдыларын үнемі қадағалап, жетілдіріп отырады.

#### **1.05. Ғылыми және кәсіби тұжырымдардың негіздері.**

Ғылыми немесе кәсіби қорытынды жасауда психологтар өз жұмыстарын тек қана ғылыми білімге негіздейді.

#### **1.06. Психологиялық жұмыстың мәні мен нәтижелерінің сипаттамасы**

А. Кез келген жұмыста психологтар өз жұмысын тұтынушылар үшін түсінікті тілде жүргізуі керек.

Ә. Егер қандай да бір себептермен (алынған нәтижелерді жарияламау туралы келісімшарт, нәтижелерді жекелеген тұлғалар тобына есеп берудің заңсыздығы) психологтар тұтынушымен арадағы жұмыстар туралы ақпаратты тұтынушыдан басқа тұлғаларға немесе белгілі бір ұжымдық топтарға пайдалану мүмкін жоқ екендігін алдын-ала хабарлауы керек.

#### **1.07. Жеке айырмашылықтар**

Тұтынушының жасы, жынысы, ұлты, діні, сондай-ақ, сексуалдық бағдары, белгілі бір физикалық және психикалық ауытқуы, тіл немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайы сияқты жеке айырмашылықтары қатаң ескерілуі қажет.

#### **1.08. Өзгелердің құқықтарын құрметтеу.**

Психологтар өздерінің кәсіби қызметі барысында өзгелерден өзгеше қатынасы, көзқарасы мен моральдық нормалары бар басқа адамдардың құқықтарын құрметтейді.

#### **1.09. Кемсітпеу.**

Өздерінің кәсіби жұмысында психологтар жасына, жынысына, ұлтына, дініне, жыныстық бағдарына, белгілі бір физикалық немесе психикалық ауытқуларға, тілге, әлеуметтік-экономикалық жағдайға немесе өзге де сипаттамаларға негізделген кемсітушіліктерден толықтай аулақ болады.

#### **1.10. Сексуалдық шабуыл.**

Психологтар өздерінің тұтынушылары мен пациенттерінің жыныстық тұтастығын құрметтейді және оны бұзуға жол бермейді.

#### **1.11. Басқа қол сұғушылықтар.**

Психологтар өздері жұмыс істеп жүрген және кәсіби қарым-қатынас жасайтын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

#### **1.12. Жеке мәселелер мен қақтығыстар.**

**А.** Психологтар жекебас мәселелерінің кәсіби қызметінің барысына әсер етуі мүмкін екенін жақсы біледі. Сондықтан, олар осы мәселелер әсер ететін әрекеттерден аулақ болады және осы әрекетке тартылған адамдарға зиян келтірмеу жолын қарастыруға міндетті.

**Ә.** Психологтар кәсіби қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін жеке бас мәселелерінің алдын ала шешу үшін қолдарынан келгеннің бәрі жасайды.

**Б.** Кәсіби міндеттерін орындауға кедергі келтіретін жеке бас мәселелерін жою үшін психолог кәсіби көмек алу үшін кәсіби білікті мамандарға жүгінеді және олар өздерінің кәсіби міндеттеріне енгізілген түзету уақытында сол шектеулерді нақты анықтайды.

#### **1.13. Зиян келтірмеу.**

Психологтар өздерінің кәсіби қызметіндегі жағымсыз салдарларға жол бермейді және олар өздерінің қызмет көрсететін тұтынушыларына зияны тимес үшін немесе қорғау үшін қолдарынан келгеннің барлығын жасайды.

#### **1.14. Психологиялық білімді дұрыс қолданбау.**

Психологиялық білімнің күші мен оның адам өміріне әсер ету қабілетін мойындай отырып, психологтар психологиялық білімнің теріс пайдаланылуын болдырмау үшін барлық мүмкіндікті жасайды.

#### **1.15. Психологтар қызметінің нәтижелерін дұрыс қолданбау.**

**А.** Психологтар психологияны кемсіту үшін қолданылуы мүмкін іс-шараларға қатыспайды.

**Ә.** Психологтар кәсіби психологиялық қызметтің нәтижелерін дұрыс пайдала алмай жатқанын көз жеткізсе, олар қателіктерді жоюға немесе түзетуге бар күш-жігерін салады.

#### **1.16. Қатынастарды пайдалану.**

**А.** Психологтар өздері бақылайтын (супервизия жасайтын) адамдарға, олардың жұмысына немесе әріптестеріне қатысты олардың жоғары мәртебесіне байланысты басқа әрекеттерге берген бағасын пұлдамайды. Бұған жеке тұлғалар, білім алушылар, супервизия жүргізетін, жалданған мамандар, эксперименттерге қатысқандар, тұтынушылар мен пациенттер енеді.

**Ә.** Психологтар білім алушылармен немесе өздері супервизия жүргізетін, тренингтеріне қатысқан қатысушылармен не өздеріне тәуелді адамдармен интимді қатынасқа түспейді, себебі мұндай қарым-қатынас тұтынушыны қанағандық болып есептеледі.

#### **1.17. Психологиялық кеңестер және әріптестермен өзара ынтымақтастығы.**

Психологтар әріптестерімен қажетті психологиялық кеңестер мен өзара әрекеттерді өз тұтынушыларының мүдделеріне сай, олардың келісімімен, заң аясында ұйымдастырады.

#### **1.18. Үшінші тараптың жұмысына қосылу.**

Үшінші тараптың жұмысы қосылғанда әр тараптың жұмысының рөлін мұқият сараптауға психолог міндетті. Бұл сараптауда психокорректор, ұйымдастырушы кеңесші, диагност және сарапшы ретінде, сонымен қатар көрсетілетін қызметті, алынатын ақпараттарды және құпиялылықты сақтауда мүмкін болатын шектелулерді айқындау психологтың тікелей міндеті болып табылады.

#### **1.19. Субординациялық қарым-қатынас.**

Психологтар өздеріне бағынышты қызметкерлерді, зерттеулерде супервизиясынан өтетін ассистенттерді тек өз білімдеріне, тәжірибесі мен дайындықтарына сай жұмысты үлестіріп береді.

#### **1.20. Кәсіби және ғылыми құжаттаманы жүргізу.**

Психологтар өздерінің кәсіби және ғылыми жұмыстарында, статистикалық өңдеу мен қызметтің әрі қарай осы бағытта жүруін жеңілдету масатында, өз жұмысын құжаттар жүйесі арқылы рәсімдейді.

#### **1.21. Жазбалар мен деректер.**

Өзінің кәсіби жұмысын бастаған уақыттан бастап психолог заңды және осы Этикалық Кодексті басшылыққа алады.

#### **1.22. Комиссиялық және қаржылық мәселелер.**

Еңбек ақы мәселесін кәсіби немесе ғылыми қарым-қатынастарды бастаудан бұрын алдын ала тараптармен келісімді түрде шешіп алу міндетті.

### **2. Тестілеу, диагностика және араласу**

#### **2.01. Кәсіби тұрғыда сараптама, диагностика және араласу**

**А.** Психологтар тексеру, диагностикалау жұмыстарын және араласуды нақты анықталған кәсіби қарым-қатынас шекарасында жүзеге асырады.

**Ә.** Психологиялық қорытынды тұжырымдамалар, есептер мен кеңестер, нұсқаулар жеке сұхбат негізінде жинақталған ақпараттардан құрастырылады.

#### **2.02. Психологиялық инструментариялардың құзыреттілігі мен оны дұрыс пайдаланылу жолдары**

**А.** Сұхбат, сауалнама, тест немесе басқа да әдістемелерді және де кез келген психологиялық қолданбалы құралдар қолдана отырып, психологтар осы қолданбалы құралдардың алға қойған мәселенің шешімінің дәлме дәл екендігіне көз жеткізгендері жөн, пайдаланған кезде оның қолданыстағы шекарасы есепке алынуы керек.

**Ә.** Психологтар өз қолданбалы құралдарын дұрыс пайдалану үшін барлық мүмкіндікті жасайды.

#### **2.03. Психологиялық қолданбалы құралдарды құрастыру**

Психологиялық қолданбалы құралдарды құрастыру барысында психологтар, ол үшін қазіргі заман талабына сай стандарттау, валидизациялау (белгілі бір тұжырымды қалыптастыру), келіспеушіліктерді жою жолдары мен осы құралдарды пайдалану бойынша кәсіби ұсыныстар әзірлеу үшін ғылыми процедуралар мен қазіргі заманғы кәсіптік идеяларды қолданады.

#### **2.04. Барлық популяция мен субпопуляцияларда қолданбалы құралдарды пайдалану**

А. Қолданбалы құралдарын пайдаланатын психологтар олармен айналысатын нәрселерді дәл дәлелдейді, олар қолданыстың, жарамдылықтың, стандарттаудың және қосымшаның басқа да мүмкіндіктерінің шекараларын біледі.

Ә. Психологтар адамның диагнозы мен болжамының мәселесі болған кезде құрал-жабдықты қолданудағы шектеулерге және оның көмегімен алынған мәліметтерді түсіндіруге ерекше назар аударады.

Б. Психологиялық техникалар немесе қолданбалы құралдар адекватты қолданылуға мүмкін болмайтын немесе оларды қолдануға шектеулер қойылған жағдайларды анықтау үшін психологтар бар мүмкіндікті пайдаланады. Әсіресе, бұл жас ерекшеліктері, жынысы, нәсілі және ұлтына, дініне, жыныстық бағыт-бағдарына, физикалық немесе психикалық бұзылыстарына, тілі және әлеуметтік-экономикалық статустарының жекелік ерекшеліктеріне әсер етуіне байланысты болса.

### **2.05. Деректерді интерпретациялау (белгілі бір тұжырымға өз ойын қоса отырып бірізді түсінік беру)**

Мәліметтерге интерпретация жасауда, соның ішінде интерпретациялар автоматты түрде берілген жағдайда, психолог психологиялық тұжырымдамаға немесе интерпретацияның нақтылығына әсерін тигізуі мүмкін қолданбалы құралдармен байланысты және де зерттеулермен де жанасатын барлық факторларды есепке алуы қажет. Психологтар психологтың интерпретациясының нақтылығына немесе шектеуіне әсер ететін кез келген маңызды факторларды атап көрсетеді.

### **2.06. Психологиялық инструментарияларды (қолданбалы құралдарды) біліктіліксіз пайдалану**

Психологтар өз жұмыстарында психологиялық инструментарияларды (қолданбалы құралдарды) біліктіліксіз пайдалануға мүмкіндік бермейді.

### **2.07. Жарамсыз тесттер және ескірген сынақ нормалары**

А. Алға қойылған мәселені шешу барысында ескірген тесттік нормалар немесе деректер аясында бағалау, кеңес, нұсқаулар мен қорытындыларды психолог құрастырмайды.

Ә. Дәл сол сияқты, алға қойылған мәселені шешу үшін тесттерде немесе өлшемдерде психолог өзінің ойынан дәйексіз пайымдауын құрастырмайды.

### **2.08. Тест бағалары мен интерпретацияларды жасау.**

А. Басқа мамандар арасына психологиялық инструментарияларды таратушы психологтар, берілген инструментарияны қолдану үшін процедуралардың пайдаланылуы және қажетті біліктіліктің мақсаты, нормаларын, валидтілікті, деректерді дәлме дәл көрсеткені жөн.

Ә. Инструментарияларды дұрыс қолдану мен олардың интерпретацияларын дәйектілігіне, оларды психологтың өзі немесе басқа маман жасағандығына байланыссыз сол психолог жауапкершілікте болады.

### **2.09. Нәтижелерді түсіндіру**



Тексерудің қорытындысын зерттеуді психолог, ассистент немесе автоматты режимде өzkізілгендігіне байланыссыз тұтынушыға қол жетімді күйде түсіндірілгені дұрыс.

### **2.10. Психологиялық құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Психологиялық инструментариялардың тұтастығы және қауіпсіздігін заң және берілген Этикалық Кодекстегі міндеттер мен стандарттарына сай сақтау үшін психолог бар мүмкіндікті жасайды.

## **3. Жарнама және басқа да бұқаралық жариялар**

### **3.01. Көпшілік алдында сөйлеуді анықтау**

Психологтар психология саласында кәсіби қызметке байланысты көпшілік алдында сөз сөйлегенде осы Этикалық Кодексті басшылыққа алады. Көпшілікке ақпараттарды жариялау тек қана ақылы немесе ақысыз жарнама ретінде ғана шектелмейді, кітапшалар, газет, журналдарда ғылыми мақала, сұхбаттар, дәріс, түйіндемелер, медиаторлардың сұхбаттары, ауызша таныстырылымдар және жарыққа шыққан материалдар күйінде де болады.

### **3.02. Жалған мәлімдемелерден аулақ болу**

**А.** Психологтар көпшілік алдында сөз сөйлегенде өтірік айтпайды, расталмаған ақпаратты пайдаланбайды, өз мамандығына қатысты адамдарды адастырмайды. Психологтар жалған және теріс мәлімдемелер жасамайды:

- 1) өздерінің білімі, тәжірибесі және құзыреті жайлы,
- 2) өзінің ғылыми дәрежесі,
- 3) өзінің осы немесе басқа қызметке кәсіби қатысуы,
- 4) өзінің жарық көрген еңбектері мен ғылыми жетістіктері жайлы.

**Ә.** Өзінің кәсіби шеберлігін растау үшін осы мамандығы жөнінде куәландыру ретінде мемлекеттік және «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігі ресми түрде бекітілген құжаттар танылады.

### **3.03. Бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеген сөздері**

Бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеген кезде психологтар төмендегі талаптарға сенімді болулары қажет:

- 1) айтқан сөздері мен пайымдаулары психологиялық әдебиеттер, концепцияларға және тәжірибелік жұмыстарға сәйкес негізделген болғаны жөн;
- 2) айтылған пікір, пайымдаулары осы Этикалық Кодекспен сәйкестікте болуы тиіс.

## **4. Психологиялық кеңес жүргізу**

### **4.01. Қарым-қатынас орнату**

**А.** Психолог пен тұтынушы арасындағы қарым-қатынасты орнату кезінде кеңес жүргізудің, қарым-қатынастың құпия сақталуының және қаржы мәселелерінің мүмкіндігін алдын ала талқылау қажет.

**Ә.** Егер супервизор психологтың жұмысына қатысатын болса, бұл факт алдыңғы талқылауда жетекші супервизордың аты-жөні, егер ол осы іс бойынша жауапты болса тұтынушыға айтылады.

**Б.** Егер психолог, кеңес беруші, білім алушы болған жағдайда, тұтынушы бұл туралы да хабардар болғаны дұрыс.

**В.** Психологтар кез-келген түсінбеушіліктен аулақ болу үшін алдағы кеңестер туралы тұтынушының барлық сұрақтарына жауап беру үшін барынша мүмкіндік жасайды.

#### **4.02. Психологиялық кеңеске саналы келісім**

Психолог қатысушыларға түсінікті тілде сөйлеу арқылы кеңес жүргізу немесе ұқсас процедураларға қолайлы негізделген келісімді алады. Берілген келісімнің мазмұны көптеген жағдайларға байланысты болады; алайда, жалпы саналы түрде берілген келісім, тұлғаға байланысты төмендегідей көрініс алады:

- 1) келісім беруге қабілеті бар,
- 2) барлық процедураларға қатысты маңызды ақпарат алады,
- 3) еркін ерік білдіру негізінде басқалардың қысымынсыз өз келісімін береді,
- 4) бұл келісім тиісті түрде рәсімделеді.

#### **4.03. Жұппен және отбасындағы өзара қарым- қатынастар**

**А.** Араларында қандай да бір анық қарым-қатынас бар бірнеше адамдарға (мысалы, ерлі-зайыптылар, ата-ана мен бала, т.б. отбасы мүшелері, құрбы-құрдастар) қызмет көрсетуде психолог келіскен уақытта (1) индивидтердің қайсысы клиент екендігін және (2) психологта индивидтің әрқайсысымен қандай қарым-қатынас болатындығын айқындап алуға тырысады. Бұл айқындалу психолог рөлін және ұсынылатын мүмкін қызмет пен ақпараттарды енгізеді.

**Ә.** Психолог кейде тұтынушылармен және басқа курьерлік рөлдегі тұлғалардың ықтимал қайшы рөлдерімен (мысалы, күйеу мен әйелдің отбасылық кеңесшісі және ажырасқан жағдайда бір тараптың куәгері) жұмысына тап болғанда, ол осы рөлдерге қолайлы тандау жасауы керек.

#### **4.04. Тұтынушылармен психологиялық жұмыс жүргізу**

Психикалық денсаулықты қолдаған адамдарға қызмет көрсету туралы шешім қабылдаған кезде психологтар, үшінші тарап ретінде, олар қолданатын әдістерді және олардың тұтынушының әл-ауқатына әсерін мұқият бағалау. Психологиялық түзету қызметтері бар және психокоррекция үдерісін бұзбау үшін, психологтар бұл мәселелерді тұтынушымен түсінбестік туған жағдайда немесе қақтығыс қаупін азайту мақсатында талқылайды.

#### **4.05. Тұтынушылармен жыныстық жақындыққа жол бермеу**

Психологтар өздеріне психологиялық кеңеске келген тұтынушылармен жыныстық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

#### **4.06. Психологиялық көмектің доғарылуы**

**А.** Психологтар тұтынушының қайтыс болуынан, аурудан, еңбекке қабілеттілігінің жоғалуынан немесе тұтынушының өзге аймаққа көшуінен не оның қаржылық шектеулер туындаған жағдайларда қызметтерін тоқтатуы мүмкін. Егер тұтынушы мен психолог арасындағы қарым-қатынас келісімшартпен немесе жалдау шартымен анықталса тұтынушыға қызмет көрсету осы келісімшарт шеңберінде шешіледі.

Ә. Психолог қызметінің қажетсіздігі мен психокоррекциялық жұмыстың қажетсіздігі белгілі болған жағдайда маман қызметін дереу тоқтатқаны абзал, себебі, психокоррекцияның одан әрі жалғасуы зиян келтіруі мүмкін.

Б. Психокоррекция аяқталғанға дейін психолог тұтынушының өзекті қажеттіліктерін талқылайды және терапияны тоқтату кезінде тиісті дайындықты жүргізеді немесе тұтынушыны басқа мамандарға жіберуге тырысады.

## **5. Ішкі дүние құпиялылығы туралы**

### **5.01. Құпиялылық шектеулерін талқылау**

А. Психологтар кәсіби немесе ғылыми қарым-қатынас орнатқан адамдармен немесе ұйымдармен талқылайды:

1) топтық, ерлі-зайыптылық және отбасылық психокоррекцияға немесе ұйымдастырушылық кеңеске қатысты қолданылатын шектеулерді қоса алғанда, қажетті құпиялылықты шектеу.

2) жұмыс кезінде алынған ақпаратты пайдалану мүмкіндігі.

А. Құпиялылық мәселелерін талқылау психологиялық жұмыстың ең алғашқы кезеңдерінде жүргізілуі керек.

Ә. Тұтынушының келісімімен алынған сұхбатты кәсіби мақсаттарда клиенттің рұқсатымен ғана пайдалануға болады.

### **5.02. Құпиялылықты сақтау**

Психологтардың басты міндеті психологтар жұмыс істейтін барлық адамдардың құпиялылығын сақтау құқығын сақтауға міндетті .

### **5.03. Тұтынушының ішкі жан дүниесін кіруді азайту**

А. Тұтынушының ішкі әлеміне тым терең енудің алдын алу үшін жазбаша және ауызша есептерге, қорытындыларға және т.б. жағдайларда психолог тұтынушымен қатынас орнатқан кезден бастап ғана мәлім болған ақпараттар енеді.

Ә. Психолог клиникадағы пациенттерден немесе психологиялық кеңес уақытында алынған конфиденциальді ақпараттарды талдайды. Сонымен бірге жекеленген немесе топтық тұтынушылар: атап айтсақ, білім алушылар, эксперимент қатысушылары, супервизор немесе жалданғандар туралы құпия ақпараттарды ғылыми немесе практикалық міндеттерге сәйкес және тек талдау шекарасын айқын түсінетін адамдардың қатысуымен ғана бағалайды.

**5.04. Жиналған ақпараттың тұтастығын сақтау мен дербестігін қамтамасыз ету.**

Психологтар жазбаша, автоматтандырылған немесе қолданыстағы ақпараттарды жинау, өңдеу және сақтауда қажетті құпиялылық деңгейге жауапты. Психологтар өздері жинақтаған ақпараттарды заңға және осы Этикалық Кодекске сәйкес сақтайды және пайдаланады.

### **5.05. Ақпаратты жария ету**

А. Психолог жеке және құпия ақпараттар мен мәліметтерді тұтынушының келісімінсіз заңмен міндеттейтін немесе заңмен рұқсат етілген жағдайларда маңызды мақсаттарға жету үшін ғана төмендегідей жағдайларда жария ете алады:

- 1) тұтынушыларға қажетті кәсіби көмек көрсету,
- 2) талап етілген кәсіби кеңестер жүргізу,
- 3) тұтынушыларға зиян келетін жағдайдың алдын алу мақсатында,

Ә. Психологтар сонымен қатар тұтынушының тиісті рұқсатымен құпия ақпаратты ашып көрсете алады.

#### **5.06. Кеңестер**

Әріптестермен кеңескенде, психолог өзіне жеке психологиялық көмекке келген индивидтен құпия ақпаратты жариялауға рұқсат болған жағдайларды қоспағанда, пациентті, тұтынушыны, экспериментке қатысушыны немесе психологтың сенімді қарым-қатынастары бар басқа адамдарға сәйкестендіруге әкелуі мүмкін құпия ақпаратты бөліспейді. Психологтар тек психологиялық кеңес үшін қажетті ақпаратты ұсынады.

#### **5.07. Дерекқордағы құпия ақпарат.**

А. Психологиялық қызмет алушылармен, дерекқорда немесе адамдар үшін қол жетімді жазба жүйесінде алушылармен келіспейтін құпия ақпаратты енгізу кезінде психологтар жеке деректерге кіруге жол бермеу үшін кодтауды немесе басқа әдістерді қолдануы керек.

Ә. Тексеру үшін зерттеу хаттамаларын үшінші тұлғаларға берерде психолог сауалнамаға қатысушыларды анықтау үшін ұқсастықтағы ақпарат жоқтығымен қамтамасыз етуі керек.

Б. Егер сәйкестендіретін ақпаратты жою мүмкін болмаса, психолог бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беру үшін анықталған қатысушылардан рұқсат алу керек.

#### **5.08. Дидактикалық немесе басқа мақсаттар үшін құпия ақпаратты пайдалану**

А. Өздерінің жарияланымдарында, лекцияларында немесе басқа да қоғамдық көріністерінде психологтар мүдделі тұлғалармен жазбаша немесе өзгеше келісілген жағдайларды қоспағанда, ұсынған тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты құпия ақпаратты ашпайды.

Ә. Ғылыми немесе кәсіби пікірталас кезінде психологтар талқыланған тұлғалар немесе ұйымдар туралы құпия ақпараттың үшінші тұлғалармен сәйкестендірілмеуі үшін және оларды өздері үйренуіне, оларға зиян келтірмейтіндей етіп өзгертуі керек.

#### **5.09. Құпия ақпараттары қорғау**

Психологтар жазбалар мен деректерді жоғалтпас үшін, құпия ақпаратты қорғау үшін алдын-ала дайындалуы керек.

#### **5.10 Құпия ақпаратты сақтау құқығы**

Құпия ақпаратты қорғау құқығы заңмен және екі жақты тараптардың келісімімен анықталады.

### **6. Материалдарды дайындау, оқыту, бақылау, зерттеу және жариялау**

#### **6.01. Білім беру және тренингтік бағдарламаларды құрастыру**

Білім беру және тренингтік бағдарламаларды құрастыруға жауапты психолог, бағдарламаның дұрыс қойылуларына, оларда қажетті материалдардың барлығы жеткілікті екендігі және қолданыста болуына, және

де олардың лицензияланғандығы мен сертификацияланғандығына, бағдарламаның жүргізілу мақсатына сәйкестігіне сенімді болғаны абзал.

### **6.02. Білім беру және тренингтік бағдарламалардың сипаттамасы.**

Психолог өзі жүргізетін білім беру және тренингтік бағдарламаларына жауапкершілікті өз мойнына алады. Өткізілетін бағдарламалардың сипаттамасында мақсаты, міндеттері мен осы бағдарламаны жетістікті түрде жүргізілуіне қажетті тиімді әдістердің сипаттамасы міндетті түрде болғанын қадағалайды. Осы бағдарламалар туралы ақпараттар екі жақты тараптың қызықтырушылардың барлығына қол жетімді болуы міндетті.

### **6.03. Оқудағы деректілік және объективтілік.**

**А.** Тренингтер өткізу кезінде психологтар тыңдаушыларды сенімді ақпаратпен қамтамасыз етеді.

**Ә.** Тренингте немесе жаттығумен айналысқан кезде психологтар оқушыларға өздерінің ықпалының қандай екендігін түсінеді және оларға кері әсерін тигізбеу үшін барлық мүмкіндікті жасайды.

### **6.04. Білім алушылардың білімін бағалау және супервизияны жүргізу**

**А.** Оқу және супервизиямен қадағалау қатынастарында психологтар білім алушылар мен супервизидан өтушілермен қажетті кері байланыс орнатады.

**Ә.** Психолог бекітілген білім бағдарламасы бойынша білім алушылардың білімін бағалайды және олардың нақты жетістіктерінің негізінде талаптарына сәйкес бақылайды.

### **6.05. Зерттеуді жоспарлау**

**А.** Психологтар зерттеулерді жүргізеді және жетілдіреді де оның қорытындысы жайлы ғылыми және этикалық стандарттарға сәйкес есеп береді.

**Ә.** Психологтар зерттеуді теріс шешімдерді минимумға дейін қысқартатындай етіп жоспарлайды.

**Б.** Зерттеулерді жоспарлай отырып, психологтар этикалық мәселелерді Этикалық Кодекске сәйкес шешеді. Этикалық мәселелердің шешімі тығырыққа тірелген жағдайда, психологтар «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестіктің қоғамдық комиссиясымен бірлесе отырып шешімді қарастырады, әріптестермен немесе басқа да тиімді әдістермен мәселені түбегейлі шешуге тырысады.

**В.** Зерттеу жұмыстарын жоспарлай отырып, зерттеуге қатысушылардың, зерттеуге қатысты басқа да адамдардың құқығын қорғайды және олардың игілігі үшін жанашырлық таныта, тіпті зерттеуге эксперимент үшін жануарларды да енгізсе, оларға да қамқорлық танытады.

### **6.06. Жауапкершілік**

Зерттеуден бұрын (зерттеу тек анонимді сериядан, ашық байқаудан немесе ұқсас эксперименттерден басқа) психологтар зерттеушінің мәні мен барлық қызығушылық танытқан тараптардың жауапкершілігі туралы қатысушылармен түсіністікке қол жеткізуі керек.

**А.** Зерттеу жүргізген кезде психологтар, қатысушылардың жеке қасиеттері мен әл-ауқатына назар аударып, оған құрметпен қарайды.

Ә. Психологтар зерттеудің этикалық аспектілеріне зерттеуді өздері жүргізе ме әлде олардың бақылауы бойынша өте ме, бұлардың ешқайсысына қарамастан барлық процестерге жауап береді.

Б. Зерттеушілер мен ассистенттер зерттеу жүргізуге өздері дайындалған тапсырмаларды ғана ұсынуға құқылы.

В. Зерттеуді жүргізуде және дайындық барысында құқығы тапталатындай деңгейде жүрген адамның құқығын қорғауға ерекше назар аударады.

#### **6.07. Зерттеудің заңдар мен стандарттарға сәйкес келуі**

Психологтар адамдар мен жануарларға қатысты бақылауға ерекше назар сала отырып, зерттеу жүргізудің қолданыстағы заңы мен кәсіби талаптарына сай зерттеулерді жоспарлайды және жүргізеді.

#### **6.08. Зерттеу жасауға рұқсат алу**

Кез келген жүргізілетін зерттеулер, өткізілетін жұмыстарға жауапкершілікті өз мойындарына алуға дайын кәсіби ұйымдардың бекітілуінен өткені абзал. Зерттеу жұмыстарына рұқсат алу үшін психологтар өздерінен тиісті талап етілген ақпараттардың барлығын дайындап беруі керек. Психологтар зерттеуді бекітілген хаттама негізіне жүргізеді.

#### **6.09. Зерттеуге саналы түрдегі келісім беру**

А. Зерттеуге қатысушылардың саналы түрдегі келісімін алу үшін психологтар қатысушыларға түсінікті терминологияны және олар түсінетін тілдерді қолданады.

Ә. Психологтар қатысушыға түсінікті тілде зерттеудің мазмұнымен таныстырып, қатысушыларға кез келген уақытта зерттеу барысынан шығу құқығы бар екендігін, келісімді бұзуға, зерттеуден шығуға қандай да бір санкцияның жоқтығын түсіндіреді. Психологтар қатысушыларды олардың шешіміне не әсер ететіндігін, оларды қызықтыруы мүмкін нәрселердің барлығын айта отырып ескертеді.

Б. Зерттеулерде білім алушылар мен бағынушы қатысқан уақытта, болжамды қатысушыларды зерттеуге қатысудан бас тарту мен одан шығып кетуден мүмкін болатын қарсы санкциялардан қорғауға арнайы шараларды алдын ала қолдануға тиісті.

В. Зерттеуге қатысу оқу жоспары немесе курстың қажетті бөлігі болып табылған жағдайда болашақ қатысушылар басқа баламалы әрекеттерді таңдай алады.

Г. Тіпті саналы ресми түрде келісім бере алмайтын адамдарға да психологтар міндетті:

1) зерттеу барысында олармен не болатынын жеткілікті түсіндіруді қамтамасыз ету,

2) олардың ерікті түрдегі келісімін алу,

3) қамқорлық жасайтын адамдардан немесе мекемелерден тиісті рұқсат алу.

#### **6.10. Бейнежазбаға немесе суретке түсіруге саналы түрдегі келісім**

Қатысушыларды сәйкестендіру үшін видеотаспаларды немесе жазбаның басқа нысандарын пайдаланған кезде психологтар қатысушылардың келісімін алу керек.

#### **6.11. Ақпаратты пайдалану**

Психологтар зерттеушілерге оларды сәйкестендіретін ақпараттарды одан әрі пайдалану және осы ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудың алдын алу мүмкіндігі туралы хабарлайды.

#### **6.12. Араласуды шектеу**

Зерттеу жүргізе отырып психологтар қатысушылармен немесе деректермен тек зерттеу барысында пайымдауларға қажетті және психологтың ғылыми қызметкер рөліне сәйкес өзара қарым-қатынаста болады.

#### **6.13. Қатысушыларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету**

**А.** Психологтар қатысушыларға зерттеудің дизайны, нәтижелері мен қорытындылары туралы барлық қажетті ақпараттарды алуға мүмкіндік береді және өздері бар зерттеулерге қатысты осы жаңалықтарды түзетуге көмектеседі.

**Ә.** Егер ғылыми немесе гуманистік себептер қатысушыларға қажетті ақпаратты беруге мүмкіндік бермесе, психологтар осындай шектеулердің жағымсыз салдарын азайтуға тырысады.

#### **6.14. Зерттеуге қатысушыларды марапаттау**

Психологтар зерттеуге қатысушылардың игілін жақсарту үшін және оларды марапаттауда қолдарынан келгеннің бәрі жасайды.

#### **6.15. Қорытындыларды жариялау**

Психологтар өздерінің жарияланымында қорытындыларды ойынан шығармайды, құрастырмайды және жалған нәтиже жасамайды.

#### **6.16. Плагиатқа жол бермеу**

Психологтар басқа адамның жұмыстарын немесе дәйексөз көздерінің бөлігін, тіпті олар өздері бір кездері дәйексөзден үзінді етіп жазса да өз жұмыстарына иемденіп алмайды.

#### **6.17. Деректерді екінші рет жариялау**

Психологтар бастапқыда жарияланған деректерді екінші рет жарияламайды. Жарияланған деректерді тек тиісті түсініктемелермен бірге жариялай алады.

#### **6.18. Деректермен алмасу**

Зерттеудің қорытындысын жариялағаннан кейін соңғы нәтиже шығарған мағлұматтарды осы зерттеудің мазмұнына жақын проблемалармен айналысушы немесе талдауды қайталап нәтижені қайта тексерістен өткізгісі келген басқа да күзіретті мамандардан жасыруға құқығы жоқ. Басқалардың қолдануына берілгенде зерттеуге қатысушылардың мәліметтерінің құпиялылығы қамтамасыздандырылғаны жөн. Мәліметтердің авторлық құқығы оларды жинақтаған тарапта қалады.

#### **6.19. Кәсіби рецензиялау**

Грандқа немесе басқа да мақсаттар үшін жариялауға дайындалған материалдарды рецензиялаған психологтар кімнің материалдарын рецензияласа да олардың құпиясы мен авторлық құқығын құрметтейді.

## **7. Этикалық мәселелерді шешу**

### **7.01. Қазақстан Республикасының «Психологтардың этикалық кодексін» білу**

Психологтар осы Кодекспен таныс болуға міндетті, психологиялық жұмыста қолданылатын және этикалық мәселелерге тиісті басқа да материалдарды білгендері абзал. Этикалық нормаларларға байланысты бұрмалаушылық, білімсіздік және түсінбеушілік этикалық нормаларды бұзу болып саналады.

### **7.02. Этикалық мәселелердің пайда болуы**

Психолог белгілі бір жағдайларда этикалық мәселелерді немесе Этика кодексіне негізделген іс-қимылдарды дербес шеше алмаған жағдайда, әдетте дұрыс жауап алу үшін этикалық мәселелермен айналысатын басқа тәжірибесі мол психологтармен кеңеседі.

### **7.03. Этикалық нормалар мен қызметтік міндеттердің қайшылықтары**

Егер психологтың міндеттері осы Этикалық Кодекске қайшы келсе, психолог бұл қарама-қайшылықтың мәнін түсінуге тырысады және оны осы Кодекске сәйкес жоюға талпынады.

### **7.04. Этикалық бұзушылықтарды бейресми жою**

Психологтар басқа психологтың этикалық бұзылыстары туралы білетін жағдайларда, егер бұл жағдайдың бейресми және қолайлы шешіміне ықпал ете алатын болса, онда бұл оның назарын аударады, осылайша құқықтар мен құпиялылық бұзылмайды.

### **7.05. Этикалық бұзушылық туралы хабарлау**

Этикалық бұзу Стандартта бейресми шешілуі мүмкін емес немесе ол қолайлы нысанда жойылған болмаса, олардың іс-әрекеттері құпиялылық құқықтарына қайшы келмейтін жағдайларды қоспағанда, психологтар, бұзушылықты шешу үшін одан әрі шаралар қабылдай алады.

### **7.06. Этикалық мәселелер бойынша ынтымақтастық**

Этикалық мәселелерді шешуде психологтар «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігімен немесе олармен байланысты басқа да қоғамдық бірлестіктермен ынтымақтасады. Өзара ынтымақтастықтан бас тарту этикалық бұзушылық болуы мүмкін.

### **7.07. Негізсіз талаптар**

Жеткілікті түрде негізделмеген, анонимді берілген немесе психологты дискредитациялау мақсатында айтылған нәрселерге, этикалық шағымдарға психологтар жол бермейді.



## Мазмұны

1. Орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызмет ЕРЕЖЕСІ....3
2. 1- қосымша. Нормативтік құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің құжаттары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қызметіне құқық белгілейтін құжаттар ретінде.....13
3. 2- қосымша. Психологиялық қызметтің жұмысын реттейтін білім беру ұйымының құжаттары.....15